



**FREEDOM
BROKER**

Бекітілген

«Фридом Финанс» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2025 жылғы 2 мамырдағы
№ 05/02 хаттама)

Келісілген

Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығын реттеу және дамыту агенттігімен
2025 жылғы «16» маусым

**«GoodWill KZT»
Аралық Инвестициялық Пай Қорының
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Алматы қ.
2025

М А З М Ұ Н Ы

1-тарау.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2-тарау.	ҚОРДЫҢ СИПАТЫ ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫ	6
3-тарау.	ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛТІРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ	8
4-тарау.	ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ МЕРЗІМІ	8
5-тарау.	ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ ШАРТЫ	8
6-тарау.	ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕ ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ СИПАТЫ.....	8
7-тарау.	БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	8
8-тарау.	БАСТАПҚЫ ОРНАЛАСТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚОР ПАЙЛАРЫНЫҢ НОМИНАЛДЫ ҚҰНЫ	10
9-тарау.	ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН САТЫП АЛУҒА ӨТІНІМДЕР БЕРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ.....	10
10-тарау.	ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	13
11-тарау.	ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНЫН ЕСЕПKE АЛУ ЖӘНЕ АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ	14
12-тарау.	ПАЙЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК ҚҰНЫНА ҮСТЕМЕАҚЫЛАРДЫ, БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ ОНЫ САТЫП АЛҒАН КЕЗДЕ ПАЙДЫҢ ЕСЕПТІК ҚҰНЫНАН ЖЕҢІЛДІКТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ	14
13-тарау.	БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ӨЗГЕ ДЕ АДАМДАРДЫҢ ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН ШЫҒЫСТАРЫ МЕН СЫЙАҚЫЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ, АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРІ	14
14-тарау.	БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ, КАСТОДИАН ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ОДАН ӘРІ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МҮМКІН БОЛМАҒАН НЕМЕСЕ БАС ТАРТҚАН ЖАҒДАЙЛАРДА ОЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	14
15-тарау.	ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН ОРНАЛАСТЫРУДЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) САТЫП АЛУДЫ ТОҚТАТА ТҰРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	15
16-тарау.	ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖАРИЯЛАНУҒА ТИІС БАСПА БАСЫЛЫМЫНЫҢ АТАУЫН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ТОҚТАТУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ТОҚТАТЫЛҒАН КЕЗДЕ ПАЙЛАРДЫ САТЫП АЛУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	16
17-тарау.	ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ СҰРАТУЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕРДІ ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	19
18-тарау.	ПАЙ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ АЛДЫНДА ҚОР, ОНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ОЛАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, ҚОРДЫҢ ТАЗА АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНЫНЫҢ ЖӘНЕ ПАЙДЫҢ ЕСЕПТІК ҚҰНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ, ПАЙДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БАҒАЛАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН АДАМДАР, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	21
19-тарау.	ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН САТЫП АЛУҒА ӨТІНІМДЕР БЕРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ.....	22

20-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ ҚОРДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУІ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	23
21-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУЫНДАҒЫ БАСҚА АРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПАЙ ҚОРЫНЫҢ ПАЙЛАРЫНА ОЛАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТАПСЫРЫС БЕРУІ БОЙЫНША ПАЙЛАРДЫ АЙЫРБАСТАУ ТАЛАПТАРЫ, Басқарушы КОМПАНИЯНЫҢ, КАСТОДИАННЫҢ ЖӘНЕ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ПАЙЛАРЫН АЙЫРБАСТАУ РӘСІМІН ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ.....	24
22-тарау. ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЗАҢДА ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН ЖАРИЯЛАНАТЫН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	24
23-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	24
1-қосымша. «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының инвестициялық декларациясы.....	26
2-қосымша. «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының активтерін сенімгерлік басқару шарты.....	40
3-қосымша. «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының активтері мен міндеттемелерінің құны және құрамы, таза активтерінің құны.....	47
4-қосымша. «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының пайларын ұстаушылардың саны және пайының кірістілігі.....	49
5-қосымша. «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының пайларын «Фридом Финанс» АҚ-тың басқаруына сатып алуға өтінім	50
6-қосымша. «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының пайларын «Фридом Финанс» АҚ-тың басқаруына сатып алуға өтінім	61
7-қосымша. «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының пайларын «Фридом Финанс» АҚ-тың басқаруына сатып алуға өтінім	72
8-қосымша. «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының пайларын «Фридом Финанс» АҚ-тың басқаруына сатып алуға өтінім	75

«GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының осы Қағидалары (бұдан әрі – Қордың Қағидалары) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес әзірленген және осы Қорды қалыптастыру, оның жұмыс істеуінің және жұмыс істеуін тоқтатудың құқықтық жағдайын, талаптары мен тәртібін, Басқарушы компанияның және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де адамдардың міндеттері мен құқықтарын, осы Қордың пайларын ұстаушылардың құқықтары мен міндеттерін, оның активтерін инвестициялау талаптарын, сондай-ақ Қордың жұмыс істеуінің өзге де мәселелерін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Аралық Инвестициялық Пай Қорының (бұдан әрі – Қор) атауы:

1) қазақ тілінде:

толық атауы: «GoodWill KZT» аралық инвестициялық пай қоры;

қысқартылған атауы: «GoodWill KZT» АИПҚ;

2) орыс тілінде:

толық атауы: Интервальный Паевой Инвестиционный Фонд «GoodWill KZT»;

қысқартылған атауы: ИПИФ «GoodWill KZT»;

3) маркетингтік мақсаттар үшін ағылшын тілінде:

толық атауы: Interval Mutual Investment Fund «GoodWill KZT»;

қысқартылған атауы: IMIF «GoodWill KZT».

2. Қордың Басқарушы компаниясының толық атауы және орналасқан жері:

1) Қордың Басқарушы компаниясының толық ресми атауы: «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Басқарушы компания);

2) Басқарушы компанияның орналасқан жері (заңды мекенжайы): 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостындық ауданы, Әл-Фараби д-лы, 77/7-үй, 7-қабат;

3) пошталық мекенжайы: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостындық ауданы, Әл-Фараби д-лы, 77/7-үй, 7-қабат;

4) Уәкілетті компанияның бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиясы: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 2 қазанда қызметтің мынадай:

- номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметтің;

- ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметтің түрлерін жүзеге асыру құқығын беретін № 3.2.238/15 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия берді;

5) алғаш рет мыналарға:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 2007 жылғы 21 наурыздағы № 0401200621 инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен айналысуға;

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 2007 жылғы 21 наурыздағы №040321437 номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және

дилерлік қызметпен айналысуға алған бағалы қағаздар нарығында қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар туралы деректер.

3. Кастодианың толық атауы және орналасқан жері:

- 1) Қордың активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодиан-банк туралы ақпарат (бұдан әрі – Кастодиан), Кастодианның толық ресми атауы: «Bereke Bank» акционерлік қоғамы (Lesha Bank LLC (Public) еншілес банкі);
- 2) Кастодианның орналасқан жері (заңды мекенжайы): 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостындық ауданы, Әл-Фараби д-лы, 13/1-үй;
- 3) Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға: бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) 2025 жылғы 12 наурызда берген №3.3.255/47 лицензия.

4. Кастодианның құқықтары мен міндеттері

4.1. Кастодианның:

- 1) Қордың кастодиандық қызмет көрсету шартына сәйкес өз қызметтері үшін ай сайын ақы алуға;
- 2) Қордың кастодиандық қызмет көрсету шартын ол көздеген талаптар мен тәртіппен бұзуға;
- 3) Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты қаржы құралдарын есепке алу, сақтау, аударым операцияларын жүргізу қызметтеріне, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-тың (бұдан ары – депозитарий), номиналды ұстаушылардың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Кастодианның шығыстарын өтеуге Басқарушы компанияның шот-фактураларын ұсынуға;
- 4) Кастодиандық қызмет көрсету шартына және инвестициялық және венчурлік қорлар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты Кастодианның шығыстарын өтеуге құқығы бар.

4.2. Кастодиан:

- 1) Қордың пайларын орналастыру және сатып алу бойынша барлық операцияларды есепке алуды жүргізуге;
- 2) Қордың активтерімен мәмілелерді бақылауды жүзеге асыруға және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Уәкілетті органды, Басқарушы компанияны, қор биржасын (егер мәміле оның сауда жүйесінде жасалған болса) дереу хабардар ете отырып, Басқарушы компанияның тапсырмаларын бұғаттауға (орындамауға);
- 3) Қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын есепке алуды, сондай-ақ кейіннен орналастыру немесе сатып алу кезінде пайлардың құнын есепке алуды жүзеге асыруға;
- 4) Қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын Басқарушы компаниямен мерзімді, бірақ айына кемінде 1 (бір) рет салыстырып тексеруді жүзеге асыруға;
- 5) Қордың активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыруға кастодиандық шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде Қордың активтері мен осы Қор бойынша құжаттарды жаңа Кастодианға беруге;
- 6) Қордың Басқарушы компаниясының қызметінде өзі анықтаған бұзушылықтар туралы Уәкілетті органға олар табылған сәттен бастап келесі күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға;
- 7) Басқарушы компанияны инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясынан айырған жағдайда Қордың жаңа Басқарушы компаниясын таңдауға не Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды жүзеге асыруға міндетті.

- 4.3. Кастодиан жаңа Кастодианды тағайындауға қатысты Қордың Қағидаларына өзгерістер күшіне енгенге дейін өз функцияларын жүзеге асыруды және Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқаруды жалғастырады. Жаңа Кастодианды тағайындау жөніндегі Қордың Қағидаларына енгізілген өзгерістердің күшіне ену мерзімі Кастодиан шартты бұзу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) айдан аспауға тиіс.
- Кастодиандық шарт бұзылған кезде Кастодианның Қорға кастодиандық қызмет көрсетілген күндердің нақты саны үшін сыйақы алуға және инвестициялық және венчурлік қорлар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті талаптарын сақтай отырып Қор активтерінің есебінен осындай қызметтер көрсетуге байланысты жүргізілген барлық шығыстарды өтеуге құқығы бар.
5. Басқарушы компания мен Қорға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым туралы ақпарат, лицензиялардың деректемелері және аудиторлық ұйымның орналасқан жері:
- 1) Аудитордың толық ресми атауы: «Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 - 2) Аудитордың орналасқан жері (заңды мекенжайы): 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 36-үй, Алматы Қаржы Орталығы, «Би» ғимараты;
 - 3) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға аудитордың лицензиясы: № 0000015 аудиторлық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген МФЮ-2 сериясы.
6. Кастодианға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым туралы ақпарат:
- 1) Аудитордың толық ресми атауы толық ресми атауы: «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 - 2) Аудитордың орналасқан жері (заңды мекенжайы): 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық д-лы, 180-үй, «Көктем» бизнес орталығы;
 - 3) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға аудитордың лицензиясы: № 0000021 аудиторлық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылғы 6 желтоқсанда берген.

2-тарау. ҚОРДЫҢ СИПАТЫ ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

7. Заңның 1-бабының 10) тармақшасына сәйкес инвестициялық пай қоры деп пайға, сондай-ақ оларды инвестициялау нәтижесінде сатып алынған өзге де активтерге ақы төлеуден алынған, пайларды ұстаушыларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі және Басқарушы компанияның басқаруындағы ақша жиынтығы түсініледі.

Инвестициялық Пай Қоры заңды тұлға болып табылмайды.

Қордың активтеріне меншік құқығындағы үлесті Басқарушы компания шығаратын паймен куәландырылады.

Қордың активтерін оның пайларын ұстаушылар арасында бөлуге және олардан үлестерді заттай бөлуге жол берілмейді.

Қор активтерінің ең төменгі мөлшері пайлардың шығарылымы тіркелетін күнге Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнамалық актісінде белгіленген 50 000 (елу мың) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

8. Қордың пайларын ұстаушының мыналарды:
- 1) Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуді;
 - 2) Қордың активтерін басқаруға қатысуды;
 - 3) Қордың Қағидаларына сәйкес келмейтін талаптарда және тәртіппен пайларды сатып алуды талап етуге құқығы жоқ.

9. Қордың пайы - мыналарды:

- 1) инвестициялық пай Қорындағы оның меншік иесінің үлесін;
- 2) Қордың Қағидаларында белгіленген жағдайларда, талаптарда және тәртіппен пайды сатып алу құқығын;
- 3) Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде оның активтерін өткізуден алынған ақшаны алу құқығын растайтын шығарылымның құжатсыз нысанындағы атаулы эмиссиялық бағалы қағаз.

10. Пайдың бағасы мен бір ұстаушыға тиесілі пайлардың саны бөлшек сандармен көрсетілуі мүмкін.

Пайды сатып алу инвестордың Қорды Сенімгерлік басқару шартына қосылғанын куәландырады.

Пайды ұстаушының өз пайын иеліктен шығаруы сенімгерлік басқару шартын бұзғанын білдіреді.

Пайларды бастапқы орналастыру кезеңінде Қор пайларының номиналды құны 1 000 (бір мың) теңгені құрайды.

Егер Басқарушы компанияның тиісті шешімімен өзгеше белгіленбесе, инвесторлар (пайларды сатып алушылар) пайларға ақы төлеуге енгізетін ақша сомасының ең аз мөлшері кемінде 100 000 (жүз мың) теңге болуға тиіс. Пайларға ақы төлеуге енгізілетін ақша сомасының кейінгі мөлшері кемінде 10 000 (он мың) теңгені құрайды.

Қордың пайларын ұстаушылар Қордың активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша жауап бермейді және оларға тиесілі пайлардың құны шегінде шығындар, оның ішінде Қор активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Қордың пайлары сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде орналастыруға және айналысқа жіберілуі мүмкін. Қордың пайларын ұстаушылардың, инвесторлардың Қордың пайларын ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында, ал пай «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне енгізілген жағдайда, сондай-ақ ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алуға және сатуға құқығы бар.

Инвестициялық Қордың активтеріне қатысты инвестициялау объектілерінің мақсаттары, шарттары, тізбесі және инвестициялық қызметтің шектеулері, Қордың активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары Қордың Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес инвестициялық декларацияда сипатталған.

11. Ақпаратты пай ұстаушыларға жіберудің негізгі тәсілі Басқарушы компанияның мынадай: <http://almaty-ffin.kz> интернет-ресурсы болып табылады.

Қордың пайларын ұстаушылардың саны 50 (елу) тұлғадан (инвестициялық пай қорларын қоса алғанда субъектілерден) аспайтын сәтке дейін Қордың пайларын барлық ұстаушыға міндетті түрде ашылуға жататын ақпаратты тарату Қордың пайларын барлық ұстаушыға жазбаша хабарламаларды атаулы тарату арқылы жүзеге асырылады.

12. Қордың Қағидаларында пайдаланылатын негізгі ұғымдар Заңда, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда және Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған ұғымдармен бірдей.

13. Шешімдерді Заңға және Қордың Қағидаларына сәйкес Басқарушы компанияның Директорлар кеңесі қабылдайтын мәселелерді қоспағанда, Қордың жұмыс істеу талаптары мен тәртібіне қатысты Басқарушы компанияның барлық шешімдерін Басқарушы компанияның инвестициялық комитеті қабылдайды және бекітеді.

14. Қор пайларының құны ұлғаюы да, сондай-ақ төмендеуі де мүмкін, мемлекет те, Басқарушы компания да Қорға инвестициялардың кірістілігіне кепілдік бермейді, өткен инвестициялардың нәтижелері болашақта кірістерді анықтамайды.

3-тарау. ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛТІРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

15. Қордың активтері инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкес пайларға ақы төлеуге алынған ақшаны қаржы құралдарына инвестициялау жолымен Қордың пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін 1 (бір) жыл ішінде келтіріледі.

4-тарау. ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ МЕРЗІМІ

16. Қор мерзімсіз кезеңге құрылады.
17. Басқарушы компанияның шешімі бойынша Қордың жұмыс істеу мерзімі шектеулі болуы мүмкін.

5-тарау. ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ ШАРТЫ

18. Қордың активтерін сенімгерлік басқару шарты Қордың Қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес регламенттелген.

6-тарау. ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕ ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ СИПАТЫ

19. Қордың пайларына, қаржы құралдарына және өзге де мүлікке инвестициялау тәртібі, сондай-ақ инвесторлардың тәуекелдерін сипаттау және оларды азайтуға бағытталған іс-шаралар Қордың Қағидаларына 1-қосымшаның 8-тарауының 44, 45 және 46-тармақтарында белгіленген.

7-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Басқарушы компанияның кез келген мәмілелер мен әрекеттерді, оның ішінде активтерді кері сату (сатып алу) міндеттемесімен оларды сатып алу (сату) мәмілелерін жасау, сондай-ақ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында кез келген мәмілелерді жасау жолымен Қордың активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға, Қордың Қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік Басқарушының құқықтарын пайдалануға құқығы бар.
21. Қордың Басқарушы компаниясының Заңда және Қордың Қағидаларында көзделген талаптар және тәртіппен Қордың Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар.
22. Басқарушы компанияның Қордың активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметке байланысты Қордың пайларын ұстаушылардың өкілі ретінде әрекет етуге, сондай-ақ пай ұстаушылардың мүддесі үшін сотқа талап-арыз беруге құқығы бар.
23. Басқарушы компанияның Қорға және оның активтеріне қатысты:
 - 1) нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, инвестициялық декларацияда немесе Қордың Қағидаларында белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелерді жасауға;
 - 2) Қордың активтерін өтеусіз иеліктен шығару жөнінде инвестициялық шешімдер қабылдауға;

- 3) өз міндеттемелерінің немесе Қордың активтерін басқару жөніндегі қызметпен байланысты емес үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Қордың активтерін пайдалануға;
 - 4) ашық сауда-саттық әдісімен қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, өзіне тиесілі активтерді Қор активтерінің құрамына сатуға (беруге);
 - 5) активтерді кредитке сатуға;
 - 6) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде Қордың Қағидаларына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасау не осы тармақта айқындалған талаптарды сақтай отырып, Қордың активтері бұл үшін ақша нысанында жеткіліксіз болған кезде Қордың пайларын сатып алу үшін қарыз ақшасын пайдалану жағдайларын қоспағанда, қарыз шарттарының талаптарында Қор активтерінің есебінен қайтарылуға жататын ақшаны немесе өзге де мүлікті алуға;
 - 7) Қордың Қағидаларына сәйкес шығыстарды өтеу және сыйақы алу, сондай-ақ Басқарушы компания осы тармақта айқындалған талаптарды сақтай отырып, Қордың пайларын сатып алу үшін пайдаланған ақша сомасын өтеу жағдайларын қоспағанда, өзі басқаратын Қордың активтерін сатып алуға;
 - 8) Қор активтерінің құрамына ол басқаратын басқа инвестициялық Қордың активтерін сатып алуға;
 - 9) ашық сауда-саттық әдістерімен сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, Қор активтерінің есебінен өзінің үлестес тұлғаларынан инвестициялау объектілерін сатып алуға не оларға Қордың активтерін сатуға құқығы жоқ.
24. Осы тараудың 23-тармағының 5) тармақшасының талаптары орталық контрагенттің көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып, ашық сауда-саттық әдісімен қор биржасының сауда жүйесінде жасалған қаржы құралдарымен мәмілелерге қолданылмайды.
 25. Басқарушы компания Қордың Қағидаларында, Заңда және Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес іс-әрекеттер жасау арқылы Қордың пайларын ұстаушылардың мүддесі үшін Қорды сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.
 26. Қордың Басқарушы компаниясы Қор активтерінің құрамына кіретін дауыс беретін бағалы қағаздарды ұстаушылардың жалпы жиналыстарында Қордың пайларын ұстаушылардың өкілі болып табылады.
 27. Қордың Басқарушы компаниясының Заңда және Қордың Қағидаларында көзделген талаптарда және тәртіппен Қордың активтеріне қатысты кез келген мәмілелер мен өзге де әрекеттер жасауға құқығы бар.
 28. Басқарушы компанияның Қордың активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметке байланысты Қордың пайларын ұстаушылардың өкілі ретінде әрекет етуге, сондай-ақ пай ұстаушылардың мүддесі үшін сотқа талап-арыз беруге құқығы бар.
 29. Қордың мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда Қордың мүлкін тиісінше басқармауға байланысты туындаған борыштар бойынша өндіріп алу Басқарушы компанияның меншікті мүлкіне ғана қолданылуы мүмкін.
 30. Қордың Басқарушы компаниясы:
 - 1) Қор активтерінің құнын бағалауды, қозғалысын, құрамы мен құнын есепке алуды, сондай-ақ оларды кейіннен орналастыру немесе сатып алу кезінде пайлардың құнын есептеуді жүзеге асыруға;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес Қор активтерінің бухгалтерлік есебін бөлек жүргізуді және олар бойынша қаржылық және өзге де есептілікті ұсынуды жүзеге асыруға;

- 3) Қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын Кастодианмен мерзімді, бірақ айына кемінде 1 (бір) рет салыстырып тексеруді жүзеге асыруға;
 - 4) Қордың Қағидаларына 3 және 4-қосымшаларға сәйкес Қорды немесе Қордың пайларын ұстаушыларды мерзімді, бірақ айына кемінде 1 (бір) рет Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ Қор пайының есептік құны туралы хабардар етуге;
 - 5) Заңда белгіленген талаптарға сәйкес Қор туралы ақпаратты жария етуге міндетті.
31. Басқарушы компания Қордың активтерімен мәмілелер жасау кезінде оның мүддесінде әрекет ететін Қордың атауын көрсетуге міндетті. Көрсетілген талап бұзылған жағдайда Басқарушы компания қабылданған міндеттемелерді өз есебінен орындайды.
 32. Қордың пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Басқарушы компания Кастодианмен бірлесіп Қордың таза активтерінің құнын есептеуге және пайларды бастапқы орналастыру нәтижелері туралы Уәкілетті органға есеп беруге міндетті.
 33. Басқарушы компания жаңа Басқарушы компанияны тағайындауға қатысты Қордың Қағидаларына өзгерістер күшіне енгенге дейін Қордың активтерін басқаруды жалғастырады. Жаңа Басқарушы компанияны тағайындау жөніндегі Қордың Қағидаларына енгізілген өзгерістердің күшіне ену мерзімі Басқарушы компания активтерді сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) айдан аспауға тиіс.

Қордың активтерін сенімгерлік басқару шарты бұзылған кезде Басқарушы компанияның Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңнамасының тиісті талаптарын сақтай отырып, Қордың активтері басқарылатын нақты күндер саны үшін сыйақы алуға және осындай басқаруға байланысты жүргізілген барлық шығыстарды Қордың активтері есебінен өтеуге құқығы бар.

8-тарау. БАСТАПҚЫ ОРНАЛАСТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚОР ПАЙЛАРЫНЫҢ НОМИНАЛДЫ ҚҰНЫ

34. Пайларды бастапқы орналастыру кезеңінде Қор пайларының номиналды құны 1 000 (бір мың) теңгені құрайды. Бастапқы орналастыру кезеңінде Қордың пайлары номиналды құны бойынша орналастырылады.

9-тарау. ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН САТЫП АЛУҒА ӨТІНІМДЕР БЕРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

35. Қордың пайлары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында немесе пайдың номиналды құны көрсетілген валютада ғана ақшамен төленеді.
36. Қордың пайларын орналастыру Басқарушы компанияның мынадай: <http://almaty-ffin.kz> интернет-ресурсында жарияланған Қор Қағидаларының 5 және 6-қосымшаларында айқындалған үлгілік нысандар бойынша пайларды сатып алуға өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.
37. Пайларды сатып алуға өтінім бірнеше сипатта болуы мүмкін, бұл туралы инвестор (пайларды сатып алушы) өтінім бланкісінде көрсетуі тиіс.

Өтінімнің бірнеше рет сипаты инвестордың қосымша өтінім бермей, ақша түскеннен кейін оның жеке шотына пайларды есепке алу құқығын білдіреді. Егер инвестор өтінім бланкісінде оның бірнеше сипатта болмайтынын көрсетсе, өтінім бір реттік болып танылады.

Пайларды сатып алуға бірнеше рет өтінім берілген жағдайда пайларды есептеу инвестордың (пай ұстаушының) ақшасы Қордың инвестициялық шотына түскен сайын жүзеге асырылады.
38. Қордың пайларын сатып алуға өтінімді мыналар:
 - 1) инвестор;

- 2) тиісті түрде ресімделген сенімхат негізінде инвестордың өкілі пошта немесе курьер арқылы беруі мүмкін.
39. Пайларды сатып алуға өтінім 2 (екі) данада беріледі, оның біреуі Басқарушы компания қызметкерінің қолы қойылған инвесторға Қордың пайларын сатып алуға өтінімді бергенін растау үшін қайтарылады. Пайларды сатып алуға өтінімдерді Қордың Қағидаларында көрсетілген орналасқан жері бойынша Басқарушы компания қабылдайды.
40. Тізілімдер жүйесінде инвестор-жеке тұлғаға жеке шот ашуды депозитарий мынадай құжаттар:
- 1) жеке шот ашуға бұйрықтың;
 - 2) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесінің (құжаттарды пошта байланысы немесе курьер арқылы ұсынған жағдайда) негізінде жүзеге асырады.
41. Тізілімдер жүйесінде инвестор-заңды тұлғаға дербес шот ашуды депозитарий мынадай құжаттар:
- 1) жеке шот ашуға бұйрықтың;
 - 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмелерінің;
 - 3) дербес шоттар және ақпараттық операциялар бойынша операцияларды жүргізуге арналған құжаттарға қол қоюға құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің қолтаңбаларының нотариат куәландырған үлгілері және заңды тұлғаның мынадай мәліметтер:
 - депозитарийдің атауы;
 - заңды тұлғаның атауы;
 - заңды тұлға өкілінің лауазымы, тегі, аты, бар болса әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;
 - осы құжаттағы қолтаңбалардың үлгілері заңды тұлғаның дербес шоты бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналатынын көрсету қамтылған мөр бедерінен тұратын құжат негізінде жүзеге асырады.
42. Басқарушы компанияға пайларды сатып алуға өтінім берген инвесторларға тізілімдер жүйесінде дербес шоттар ашуды депозитарий 9-тараудың 40 және 41-тармақтарында көрсетілген құжаттардың көшірмелері негізінде, пайларды сатып алуға өтінім берген инвесторлардың атынан Басқарушы компания депозитарийге беретін Қордың пайларын сатып алуға өтінімдердің көшірмелерін қоса бере отырып жүзеге асыра алады.
43. Пай ұстаушы болып табылатын тіркелген тұлға туралы дербес шоттағы мәліметтерді өзгерту бойынша операция (жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса әкесінің аты және (немесе) заңды тұлғаның атауы өзгергені туралы мәліметтерді қоспағанда) Басқарушы компания депозитарийге берген тіркелген тұлғаның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
44. Бастапқы орналастыру кезеңінде Қордың пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдау барлық жұмыс уақыты ішінде әрбір жұмыс күні жүзеге асырылады.
45. Қордың пайларын бастапқы орналастыру 3 (үш) айдан аспайды және Қордың Қағидаларында көрсетілген мерзімде басталады.
- Қордың пайларын бастапқы орналастыру мерзімі басталатын нақты күн Басқарушы компания көрсетілген күнді тағайындау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 10 (он) күннен ерте белгіленбеуі мүмкін.

Қордың пайларын бастапқы орналастыру мерзімі нақты басталатын күн туралы шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде Басқарушы компания Кастодианға және депозитарийге, сондай-ақ Әкілетті органға тиісті хабарлама жібереді.

Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңі Қор Заңда белгіленген Қор активтерінің ең төменгі мөлшеріне жеткен сәтте аяқталады.

46. Қордың пайларын орналастыру кезінде оларға ақы төлеуге арналған ақша Қордың ақшасын есепке алу үшін ашылған Қордың Кастодиандағы шотына аударылады.
47. Пайларды Қордың пайларын ұстаушылар тізіліміндегі инвестордың дербес шотына аудару талабы өтінімнің бар-жоғы және оларға ақы төлеуге ақшаның түсуі болып табылады. Пайларды есептеу осы талап орындалған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.
48. Егер пайларды сатып алуға арналған өтінімде көрсетілген мерзім ішінде ақша пайға ақы төлеуге енгізілмеген жағдайда, онда пайлар берілмейді, ал өтінім жойылады.
49. Бастапқы орналастыру кезеңінде Қордың пайлары номиналды құны бойынша орналастырылады.
50. Пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін Қор құрылған болып есептеледі.
Қордың пайларын кейіннен орналастыру Қордың Басқарушы компаниясының шешімі бойынша Басқарушы компания айқындайтын талаптарда және тәртіппен басталуы, тоқтатылуы және қайта басталуы мүмкін.
51. Кейіннен орналастыру кезінде пайды орналастыру бағасы өтінім бар болған жағдайда ақша түсетін алдыңғы жұмыс күнінің соңында қалыптасқан баға бойынша айқындалады. Өтінім ақша түскеннен кейін келіп түскен кезде пайды орналастыру бағасы өтінім келіп түскен алдыңғы жұмыс күнінің соңында қалыптасқан баға бойынша айқындалады. Егер бұл Қордың Қағидаларында көзделген болса, пайды орналастыру бағасына үстемеақы қосылуы мүмкін.
52. Қордың пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартуға тек мынадай:
 - 1) Қордың Қағидаларында белгіленген өтінімдерді беру тәртібі мен талаптарын сақтамаған;
 - 2) Уәкілетті органның немесе Басқарушы компанияның шешімі бойынша Қордың пайларын орналастыруды тоқтата тұрған;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де талаптар орындалмаған жағдайларда ғана жол беріледі.
53. Қордың пайлары орналастырылған кезде депозитарийдің есепке алу жүйесінде пайларды есепке алу мәмілесін сатып алушының дербес шотына (қосалқы шотына) немесе номиналды ұстаушының дербес шотына тіркеу Басқарушы компанияның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
54. Қордың пайларын ұстаушылардың құқықтарын Қордың пайларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде тіркеу Басқарушы компанияның тиісті бұйрығы келіп түскен күні жүзеге асырылады.

Қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінің үзінді көшірмесін беру тізілімдер жүйесіне жазба енгізілген сәттен бастап 1 (бір) күн ішінде жүзеге асырылады және пай ұстаушыға не пай ұстаушы берген сенімхат негізінде Басқарушы компанияға беріледі.

Басқарушы компанияға тиісті сенімхат берген Қордың пайларын ұстаушының Басқарушы компаниядан оған немесе оның өкіліне меншік құқығы тіркелген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей Қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінің үзінді көшірмесін беруді талап етуге құқығы бар.

10-тарау. ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

55. Қордың пай ұстаушыларының мынадай:

- 1) Қордың Қағидаларында белгіленген жағдайларда, талаптарда және тәртіппен пайды сатып алуға;
- 2) Қордың Қағидаларының талаптары сақталған кезде, оның ішінде Қордың пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдау және орындау талаптары мен тәртібі бойынша осындай өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде пай ұстаушылардың мүдделеріне нұқсан келтіретін Қордың Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, оларға тиесілі пайларды сатып алуға;
- 3) Қордың Қағидаларында белгіленген тәртіппен Басқарушы компаниядан Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ Қор пайының есептік құны туралы ақпарат алуға;
- 4) Қор тоқтатылған жағдайда оның активтерін өткізуден алынған ақшаны алуға;
- 5) Қордың Қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде және талаптарда Қордың активтерін басқару жөніндегі Басқарушы компанияның қызметіне бақылауды жүзеге асыруға құқықтары;
- 6) Қордың Қағидаларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары бар.

56. Қордың пай ұстаушылары:

- 1) Қордың пайларына Қордың Қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ақы төлеуге;
 - 2) Басқарушы компанияны, депозитарийді (өзінің номиналды ұстаушысын), Қорды Басқарушы компанияның есепке алу жүйесінде, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде (немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде) осындай өзгерістер туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қамтылған өз деректерінің өзгертілгені туралы (оның ішінде жеке куәліктің/мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күнінің өзгертілгені, ресми мекенжайының, құрылтай құжаттарындағы және төлем деректемелеріндегі өзгерістер туралы) хабардар етуге;
 - 3) уәкілетті адамдардың құрамында өзгерістер болған кезде сол жұмыс күні депозитарийге уәкілетті адамдардың құрамынан шыққан адамдардың сенімхатын кері қайтарып алу туралы хабарлауға және депозитарийге жаңа уәкілетті адамдарға сенімхат беруге міндетті.
57. Қордың активтеріне ортақ үлестік меншіктегі пай ұстаушылардың үлестері оларға тиесілі Қордың пайларымен куәландырылады. Қордың активтерін оның пайларын ұстаушылар арасында бөлуге және Қордың активтерінен үлесті заттай бөлуге жол берілмейді.
58. Қордың пайын ұстаушы Уәкілетті орган келіскен Қор Қағидаларының көшірмесін беру туралы сұрау сала отырып Басқарушы компанияға жүгінуге құқылы.
59. Басқарушы компания, депозитарий (номиналды ұстаушы) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және Басқарушы компанияның есепке алу жүйесінде қамтылған оның деректерінің (атауларының, төлем деректемелерінің, байланыс, пошта деректемелерінің) өзгертілгені туралы мәліметтерді пай ұстаушыдан алмауы немесе уақтылы алмауы салдарынан келтірілген залалдар үшін пай ұстаушының алдында жауап бермейді.
60. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде пай (бағалы қағазды) ұстаушының белгілі бір эмиссиялық бағалы қағаздарға инвестицияларды жүзеге асыру кезінде өзі және өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты мемлекеттік органдар алдында жария ету міндеті белгіленуі мүмкін.

61. Қордың пайларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді депозитарийдің ішкі қағидаларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес депозитарий жүзеге асырады.
62. Операциялар туралы хабарламаны, сондай-ақ Қордың пайларын ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірмелерді беруді депозитарийдің ішкі қағидаларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес пай ұстаушының талабы немесе оған Уәкілетті органдардың немесе адамдардың сұрау салуы негізінде депозитарий жүзеге асырады.

11-тарау. ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНЫН ЕСЕПKE АЛУ ЖӘНЕ АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

63. Қордың активтерін, Қордың таза активтерін, Қор пайының есептік құнын есепке алу және айқындау тәртібі Қор Қағидаларына 1-қосымшаның 2-тарауының 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтарында белгіленген.

12-тарау. ПАЙЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК ҚҰНЫНА ҮСТЕМЕАҚЫЛАРДЫ, БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ ОНЫ САТЫП АЛҒАН КЕЗДЕ ПАЙДЫҢ ЕСЕПТІК ҚҰНЫНАН ЖЕҢІЛДІКТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

64. Егер Басқарушы компанияның тиісті шешімімен өзгеше белгіленбесе, Басқарушы компания Қордың пайларын сатып алу/орналастыру кезінде олардың есептік құнынан жеңілдіктер/үстемеақылар Басқарушы компанияның пайдасына жеңілдік/үстемеақы сомасының 50 (елу) пайызы мөлшерінде ұсталады.
65. Жеңілдіктің ең жоғары мөлшері Басқарушы компания Қордың пайын сатып алған кезде оның есептік құнының 3 (үш) пайызынан аспауы керек.
66. Қордың пайларын сатып алу кезінде оның жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайда немесе Қордың Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгендіктен пайдың есептік құнынан жеңілдіктерге жол берілмейді.

13-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ӨЗГЕ ДЕ АДАМДАРДЫҢ ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН ШЫҒЫСТАРЫ МЕН СЫЙАҚЫЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ, АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРІ

67. Басқарушы компанияға және Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де адамдарға сыйақылар Қордың активтері есебінен төленеді, айқындау түрлері мен тәртібі Қордың Қағидаларына 1-қосымшаның 3-тарауының 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-тармақтарында белгіленген.

14-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ, КАСТОДИАН ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ОДАН ӘРІ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МҮМКІН БОЛМАҒАН НЕМЕСЕ БАС ТАРТҚАН ЖАҒДАЙЛАРДА ОЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

68. Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде Басқарушы компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қордың Қағидаларына тиісті өзгерістер енгізе отырып, басқа Кастодианмен немесе аудиторлық ұйыммен шарттар жасасу туралы өз бетінше шешім қабылдауға құқығы бар.
69. Басқарушы компания, Кастодиан Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде өз қызметтерін жүзеге асыра алмауына (лицензияны тоқтата тұру немесе одан айыру, заңды тұлғаны тарату және өзге де жағдайлар) немесе мұндай қызметтен бас тартуына (кез келген

негіздер бойынша) байланысты мұндай қызметті жүзеге асыруды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, Басқарушы компания жаңа Басқарушы компанияны, Кастодианды таңдау туралы шешім қабылдайды.

70. Қордың Басқарушы компаниясы Қордың жұмыс істеуін жалғастыру және жаңа Басқарушы компанияны таңдау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Кастодиан, Басқарушы компания, Кастодиан немесе депозитарий жаңа Басқарушы компанияны, Кастодианды тағайындауға қатысты Қордың Қағидаларына өзгерістер күшіне енгенге дейін Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жалғастырады.

Жаңа Басқарушы компанияны, Кастодианды немесе депозитарийді тағайындау жөніндегі Қордың Қағидаларына өзгерістер күшіне ену мерзімі көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) айдан аспауға тиіс.

71. Басқарушы компания Қордың пайларын ұстаушыларға Қордың активтерін сенімгерлік басқару шарты бұзылған күнге дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын Басқарушы компанияны ауыстыратыны туралы шешім қабылдау және Қордың активтерін Қордың Қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарда және тәртіппен басқа Басқарушы компанияның басқаруына беру туралы хабарлауға міндетті.
72. Басқарушы компания Қордың активтерін басқарудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда (кез келген негіздер бойынша), Қордың пайларын ұстаушылардың өздеріне тиесілі пайларды сатып алуға ұсынуға құқығы бар.
73. Егер Қордың пайларын сатып алу нәтижесінде оның активтері Қорды басқа Басқарушы компанияның басқаруына қабылдау үшін жеткіліксіз болса не Қор активтерінің мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген ең төмен мөлшерден төмен болса, Қор өз жұмысын тоқтатады.
74. Жаңадан тағайындалған Басқарушы компанияға Қордың активтерін беру тараптардың Қордың активтерін беру жөніндегі жұмыс тобын құру жолымен жүзеге асырылады. Жұмыс тобының мүшелері Қордың активтерін беру тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.
75. Жаңадан тағайындалған Басқарушы компания Қордың активтерін беру тараптардың қабылдау-беру актісіне қол қоюымен ресімделеді, оған Кастодиандағы Қор шотының үзінді көшірмесі және Кастодианға сақтауға тапсырылған Қордың жекелеген активтерге құқықтарын растайтын бастапқы құжаттардың, сондай-ақ Қордың активтерін қабылдау-беру актісіне қол қою сәтінде Басқарушы компанияда болған Қордың өзге де құжаттарының тізбесі қоса беріледі.
76. Қордың активтерін жаңа Кастодианға беру Басқарушы компанияның, Кастодианның және жаңадан сайланған Кастодианның өкілдерінен жұмыс тобын құру арқылы жүзеге асырылады. Жұмыс тобының мүшелері Қордың активтерін беру тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.
- Активтерді беру Тараптардың Қордың активтерін қабылдау-беру актісіне қол қоюы арқылы жүзеге асырылады.
77. Тараптардың Қордың активтерін қабылдау-беру актісіне қол қойған күні Қордың активтерін беру күні болып табылады.

15-тарау. ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН ОРНАЛАСТЫРУДЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) САТЫП АЛУДЫ ТОҚТАТА ТҰРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

78. Қордың пайларын орналастыру және (немесе) сатып алу мынадай:

- 1) Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар немесе қаржы құралдары Қор активтерінің құрамына кіретін адамдар Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе шарттық міндеттемелердің талаптарын бұзған немесе орындай алмаған жағдайларда Уәкілетті органның нұсқамасы бойынша;

- 2) Басқарушы компанияның немесе Кастодианның қолданысы тоқтатыла тұрған немесе лицензиясының қолданысы қайта басталған немесе басқа Басқарушы компания, басқа Кастодиан тағайындалған немесе Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған күнге дейін лицензиясынан айырылған жағдайларда Басқарушы компания;
 - 3) Кастодианның Басқарушы компаниясының құқықтары мен міндеттерін басқа адамға беру кезеңінде;
 - 4) Егер пайлардың есептік құнын еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы салдарынан немесе Басқарушы компанияға тәуелді емес өзге де себептер бойынша айқындау мүмкін болмаса;
 - 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Уәкілетті органның немесе Басқарушы компанияның шешімдерінде белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.
79. Қордың пайларын сатып алуды тоқтатқан кезде Қордың пайларын орналастыру да бір мезгілде тоқтатыла тұрады.
80. Пайларды орналастыру және (немесе) сатып алу осындай тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтар жойылғанға дейін белгісіз мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.
81. Пайларды орналастыруды және (немесе) сатып алуды тоқтата тұру қажет болған жағдайда Басқарушы компания бұл туралы Уәкілетті органға осындай тоқтата тұрудың себептерін және оларды жою жөніндегі шараларды көрсете отырып, сол күні жазбаша хабарлауға міндетті.
- Басқарушы компания Уәкілетті органды пайларды орналастыру және (немесе) сатып алу басталған күні оларды орналастыруы және (немесе) сатып алуды қайта басталғаны туралы хабардар етуге міндетті.
82. Уәкілетті органның, егер бұл Қордың пайларын ұстаушылардың мүдделеріне сәйкес келмесе, Басқарушы компанияға Қордың пайларын орналастыруды және (немесе) сатып алуды тоқтата тұруға тыйым салуға, сондай-ақ осындай тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылғанға дейін пайларды орналастыруды және (немесе) сатып алуды қайта бастауға тыйым салуға құқығы бар.
83. Басқарушы компания Қордың пайларын орналастыруды және (немесе) сатып алуды Уәкілетті органнан Басқарушы компанияның немесе Кастодианның бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы хабарлама алған сәттен бастап лицензияның қолданысы қайта басталған, басқа Басқарушы компанияны, басқа Кастодианды тағайындаған немесе Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған күнге дейін тоқтата тұруға міндетті.

16-тарау. ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖАРИЯЛАНУҒА ТИІС БАСПА БАСЫЛЫМЫНЫҢ АТАУЫН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ТОҚТАТУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ТОҚТАТЫЛҒАН КЕЗДЕ ПАЙЛАРДЫ САТЫП АЛУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

84. Қордың жұмыс істеуін тоқтату мынадай:
- 1) егер Қор Қағидаларының 4-тарауының 17-тармағына сәйкес Басқарушы компания белгілеген болса, мерзімі өткен;
 - 2) пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін Қордың таза активтерінің құны инвестициялық пай Қоры активтерінің ең төмен мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмеген;
 - 3) Қор Қағидаларының 9-тарауының 45-тармағында айқындалған талаптарда Қордың пайларын бастапқы орналастыру аяқталған күнге орындалмаған;

- 4) пайларды сатып алуға өтінімдерді орындау нәтижесінде Қордың таза активтерінің құны Қор активтерінің ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптарға сәйкес келмеген және ол туындаған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде көрсетілген сәйкессіздікті жоймаған;
 - 5) Басқарушы компания немесе Кастодиан шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді одан әрі орындай алмауына байланысты және егер аталған шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) ай ішінде жаңа Басқарушы компанияны немесе жаңа Кастодианды тағайындауға қатысты Қордың Қағидаларына өзгерістер күшіне енбесе, Қордың активтерін басқару немесе активтерін есепке алу және сақтау жөніндегі функцияларды одан әрі орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған;
 - 6) бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға Басқарушы компанияның немесе Кастодианның лицензиясының қолданысы тоқтата тұрған және егер 3 (үш) ай ішінде лицензияның қолданылуы жаңартылмаса немесе Қордың Қағидаларына жаңа Басқарушы компанияны, жаңа Кастодианды тағайындауға қатысты өзгерістер күшіне енбеген;
 - 7) бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға Басқарушы компанияның немесе Кастодианның лицензиясынан айырған және егер лицензиядан айырған сәттен бастап 2 (екі) ай ішінде Қордың Қағидаларына жаңа Басқарушы компанияны немесе жаңа Кастодианды тағайындауға қатысты өзгерістер күшіне енбеген жағдайларда ;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.
85. Кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыру үшін сатуды, Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуді және қалған активтерді пай ұстаушыларға қайтаруды қоспағанда, Қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер туындаған сәттен бастап Қордың активтеріне билік етуге жол берілмейді.
86. Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды жүзеге асыратын тұлғалар:
Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды Қордың Басқарушы компаниясы жүзеге асырады.
87. Қордың Уәкілетті компаниясының лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Кастодиан жүзеге асырады.
88. Кастодианның лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды Қордың Басқарушы компаниясы оның лицензиясының қолданылуына қарамастан жүзеге асырады.
89. Басқарушы компания және (немесе) Кастодиан Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде Қор активтерінің сатылуын қамтамасыз етуге, Қордың кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруға, Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуге және қалған ақшаны заң талаптары мен Қор Қағидаларына сәйкес пай ұстаушылар арасында бөлуге міндетті.
90. Уәкілетті орган Қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсімін бақылау үшін өз өкілін жіберуге құқылы.
91. Қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсімі:
Басқарушы компания немесе Кастодиан Қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жолымен:
- 1) Уәкілетті органның пайларын ұстаушыларға, Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдарға, Қордың кредиторларына және Қордың активтерімен орындалмаған мәмілелердегі тараптарға Қордың жұмыс істеуін тоқтату, осы рәсімді жүргізудің талаптары мен тәртібі туралы хабарлауға;

- 2) депозитарийге пай ұстаушылар тізілімінде мәмілелердің тіркелуі тоқтатылған күнді көрсете отырып, Қордың пай ұстаушылар тізіліміндегі дербес шоттар бойынша операцияларды тоқтату туралы талап жіберуге міндетті.
92. Қордың жұмыс істеуін тоқтату және оны тоқтату тәртібі, талаптары туралы ақпарат, сондай-ақ Қордың пайларымен мәмілелерді тіркеуді тоқтату туралы ақпарат Басқарушы компанияның мынадай: <http://almaty-ffin.kz> интернет-ресурсында, сондай-ақ республикалық «Казахстанская правда» газетінде қазақ және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы пай ұстаушыларға, Қордың кредиторларына және өзге де тұлғаларға жіберіледі.
93. Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпаратта кредиторлардың Қордың активтері есебінен қанағаттандырылуға тиіс талаптарын ұсыну мерзімі міндетті түрде көрсетіледі, ол Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы олар хабардар етілген күннен бастап кемінде 1 (бір) айды құрайды.
94. Пай ұстаушылар тізілімінде мәмілелердің тіркелуі тоқтатылған күнді көрсете отырып Қордың пай ұстаушылар тізіліміндегі дербес шоттар бойынша операцияларды тоқтату қажеттілігі туралы ақпарат жазбаша хабарлама жіберу арқылы депозитарийге жіберіледі.
95. Қордың жұмыс істеуі оның пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе оның таза активтерінің құны пайларды бастапқы орналастыру аяқталған күнге Қор активтерінің ең төменгі мөлшеріне сәйкес келмегендіктен тоқтатылған кезде Басқарушы компания немесе Кастодиан пай ұстаушыларға Қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер басталған сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей ақшаны қайтаруға міндетті.
96. Басқарушы компания немесе Кастодиан талаптары Қордың активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторларды анықтау және оның жұмыс істеуі кезеңінде төленген, бірақ жеткізілмеген (Қордың меншігі ретінде тіркелмеген) Қордың активтерін алу жөнінде шаралар қабылдайды.
97. Қордың активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторлардың талаптарын ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін және аталған кредиторлармен есеп айырысулар басталғанға дейін Басқарушы компания және (немесе) Кастодиан Қор активтерінің құрамы мен құны туралы, кредиторлар қойған талаптар туралы, Қордың төленген, бірақ жеткізілмеген активтері туралы мәліметтерді, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді қарау нәтижелері және одан әрі іс-қимылдар туралы есепті жасайды және Уәкілетті органға жібереді.
98. Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде міндеттемелерді орындау:
- осы тараудың 95-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Қордың активтерін сатудан алынған ақша мынадай тәртіппен бөлінеді:
- 1) бірінші кезекте Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз еткен үшінші тұлғалардың және Қордың жұмыс істеуі тоқтатылу негіздері туындағанға дейін міндеттемелері пайда болған өзге де кредиторлардың, сондай-ақ пайларды сатып алуға немесе пайларды сатып алуға өтінімдері ішінара орындалған адамдардың (пайларды төлеген, бірақ Қордың пайларын ұстаушылардың және пайларды сатып алуға өтінімдері Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға негіздері пайда болған сәтке дейін қабылданған пай ұстаушылардың тізіліміне енгізілмеген адамдардың) шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;
 - 2) екінші кезекте Басқарушы компания мен Кастодианды қоспағанда, Қордың активтерін сатуды және Қордың пайларын сатып алуды қамтамасыз ететін адамдардың шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;
 - 3) үшінші кезекте, егер Қордың жұмыс істеуін тоқтату Кастодианның қызметіне, оның кастодиандық қызметке лицензиясының қолданылуына байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда, Кастодианның Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;
 - 4) төртінші кезекте, егер Қордың жұмыс істеуін тоқтату Басқарушы компанияның қызметіне, оның инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензиясының

- қолданылуына байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда, Басқарушы компанияның Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;
- 5) бесінші кезекте, егер Қордың жұмыс істеуін тоқтату депозитарийдің қызметіне тәуелді емес негіздер бойынша жүзеге асырылса, Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты депозитарийдің шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;
- 6) алтыншы кезекте активтерді пай ұстаушылар арасында бөлу жүзеге асырылады.
99. Пайларды бастапқы орналастыру аяқталған күні Қордың таза активтерінің құны Заңда айқындалған ең төменгі мөлшерден аз болғандығына байланысты, Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде Қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты Басқарушы компанияның шығыстары Қордың активтері есебінен өтелмейді.
100. Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруға (одан айыруға) немесе оның Қорды сенімгерлік басқаруды одан әрі жүзеге асырудан бас тартуына, сондай-ақ Кастодианның кастодиандық қызметке лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруға (одан айыруға) немесе оның активтерді есепке алуды және сақтауды одан әрі жүзеге асырудан бас тартуына байланысты Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде Қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты Басқарушы компанияның немесе Кастодианның шығындары Қордың активтері есебінен өтелмейді.
101. Басқарушы компания мен Кастодианға сыйақыны қоса алғанда, Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстар Қордың барлық активтерін сату нәтижесінде алынған ақша сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде Қордың активтері есебінен өтеледі.
102. Осы тармаққа сәйкес есеп айырысулар аяқталғаннан кейін күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Басқарушы компания немесе Кастодиан Уәкілетті органға Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпаратты мыналарды:
- 1) Кастодианның Қордың барлық активтерін бөлу туралы хабарламаларын;
 - 2) Қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінің жабылғаны туралы депозитарийдің хабарламасын қоса бере отырып ұсынады.
103. Қордың пайларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жабу Қазақстан Республикасының заңнамасында және депозитарийдің ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
104. Қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсімі аяқталған кезде пай ұстаушыларға ақша төлеу пай ұстаушы немесе оның өкілі Қордың пайларын алуға бұйрық берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде пай сатып алуға өтінімде көрсетілген пай ұстаушының банктік шотына ақша сомасын аудару жолымен немесе қолма-қол ақшамен жүзеге асырылады.
105. Пайларды өтеу жөніндегі міндет оны пайларды өтеуге өтінімде көрсетілген пай ұстаушының банк шотына аударған немесе қолма-қол ақша берген кезде Қордың шотынан тиісті ақша сомасы есептен шығарылған күннен бастап орындалған болып есептеледі.

17-тарau. ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ СҰРАТУЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕРДІ ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

106. Қордың Басқарушы компаниясы және оның өкілдері пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдау орындарында әлеуетті инвесторларға немесе пай ұстаушыларға мыналарды:
- 1) инвестициялық декларацияны, оларға барлық келісілген өзгерістер мен толықтыруларды қамтитын Қордың Қағидаларын;
 - 2) осы мәліметтер айқындалған соңғы күнгі жағдай бойынша Қор активтерінің, Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, бір пайдың есептік құны туралы мәліметтерді;

- 3) Басқарушы компания мен Кастодианның өткен қаржы жылындағы Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін тексеру нәтижелерімен аудиторлық есептерінің үзінділерін;
 - 4) Басқарушы компанияның, Кастодианның және Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, кез келген өткен кезең үшін Қордың активтері есебінен өтелуге жататын өзге де субъектілердің сыйақылары мен шығыстарының ықтимал және нақты мөлшері туралы мәліметтерді;
 - 5) Қордың активтерін басқару, есепке алу және сақтау жөніндегі қызметіне байланысты Басқарушы компания мен Кастодианға қолданылған санкциялар, қадағалап ден қою шаралары, әкімшілік жазалар және өзге де ықпал ету шаралары туралы мәліметтерді;
 - 6) Басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қордың Қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес тарататын өзге де ақпаратты ұсынуға міндетті.
107. Қордың пайларын орналастыру және сатып алу бағалары, бір пайдың есептік құнын, осы мәліметтер айқындалған соңғы күнгі жағдай бойынша Қордың таза активтерінің құнын (оның ішінде бір пайға есептегенде) айқындау әдісі, пайларды сатып алуға немесе сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталатын және аяқталатын мерзімдері, уақыты, Қордың пайларын орналастыруды, сатып алуды тоқтата тұру немесе қалпына келтіру жағдайлары туралы, пайларды орналастыру және сатып алу кезінде өкілдер туралы әлеуетті инвесторларға, пайларды ұстаушыларға Қордың Қағидаларында көрсетілген талаптарда, тәртіппен және тәсілдермен ұсынылуға тиіс.
108. Пайларды орналастыру процесін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған жағдайда Басқарушы компания мұндай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде себептерін көрсете отырып, бұл туралы хабарлама жариялауға (таратуға) міндетті.
109. Әлеуетті инвесторлардың, пай ұстаушылардың және өзге де тұлғалардың сұрау салулары бойынша:
- 1) Басқарушы компанияның үй-жайындағы құжаттардың көшірмелерімен танысу;
 - 2) құжаттардың көшірмелерін электрондық немесе қағаз нысанда ұсыну жолымен мәліметтерді ұсыну.
110. Пай ұстаушыға осы тараудың 106 және 107-тармақтарында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін Басқарушы компания оларды дайындауға жұмсалған шығыстардың мөлшерінен аспайтын мөлшерде ақы алады.
111. Өзіне қажетті мәліметтерді ұсынуды талап ететін адам өзінің деректемелерін, сондай-ақ өзіне қажетті мәліметтер тізбесін көрсете отырып, Басқарушы компанияға жазбаша сұрау салуды ұсынуға міндетті.
112. Басқарушы компания жазбаша сұрату келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге Басқарушы компанияның үй-жайларында сұратылып отырған құжаттармен танысуға немесе оларды электрондық нысанда, өтініште көрсетілген электрондық мекенжай бойынша беруге, сондай-ақ өтініш келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде оған құжаттардың қағаз көшірмелерін тапсыруға міндетті.
- Құжаттардың қағаз көшірмелерін пошта арқылы жіберу жүзеге асырылмайды.
- Басқарушы компанияның құжаттарды алған адамнан оларды алғаны туралы қолхат талап етуге құқығы бар.
113. Басқарушы компанияның өзі ұсынатын мәліметтерде:
- 1) Қордың Басқарушы компаниясының, оның ішінде өткен нақты қызметтің нәтижелері туралы ақпаратқа негізделген инвестициялық қызметінің болашақ кірістілігіне кепілдік беруге;

- 2) 3 (үш) жыл бұрын өткен өзге оқиғаға немесе уақыт кезеңіне жататын Басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін факторлар туралы мәлімдемелер жасауға құқығы жоқ.

114. Басқарушы компания Қордың пайларын ұстаушыларға:

- 1) Қордың таза активтерінің құрамы мен құнын, сондай-ақ пайдың есептік құнын айына 1 (бір) рет;
- 2) тізілімдегі мәмілелерді тоқтата тұру туралы хабарлауға міндетті.

18-тарау. ПАЙ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ АЛДЫНДА ҚОР, ОНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ОЛАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, ҚОРДЫҢ ТАЗА АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНЫНЫҢ ЖӘНЕ ПАЙДЫҢ ЕСЕПТІК ҚҰНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ, ПАЙДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БАҒАЛАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН АДАМДАР, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

115. Қор туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

116. Қор туралы ақпарат мыналарды:

- 1) Қордың атауын, оның Басқарушы компаниясының атауын, берілген күнін және лицензиясының нөмірін, Қор Қағидаларының нөмірі мен тіркелген күнін;
- 2) Қор туралы толық ақпарат алуға болатын орындар туралы ақпаратты (мекенжайлары мен телефон нөмірлерін көрсете отырып);
- 3) пайлардың құны ұлғаюы немесе азаюы мүмкін екендігін көрсетуді, инвестициялаудың өткен нәтижелері болашақта кірістерді анықтамайды, мемлекет Қорға инвестициялардың кірістілігіне кепілдік бермейді, сондай-ақ оның пайларын сатып алмас бұрын Қордың Қағидаларымен танысу қажеттілігі туралы ескертуді қамтуы керек.

117. Қор және Басқарушы компания туралы ақпаратта дәйекті емес немесе жаңылыстыратын мәліметтер, сондай-ақ мынадай:

- 1) Басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің, оның ішінде олардың бұрынғы нақты қызметі туралы ақпаратқа негізделген болашақ кірістілігінің кепілдіктері;
- 2) 3 (үш) жыл бұрын өткен өзге оқиғаға немесе уақыт кезеңіне қатысты Басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін факторлар туралы мәлімдемелерді;
- 3) Қордың таза активтерінің кірістілігі мен құнының нақты есептеулеріне негізделмеген Басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің көрсеткіштерін салыстыруды;
- 4) инвестициялардың қауіпсіздігіне және көрсетілген инвестициялармен байланысты ықтимал кірістер немесе шығындар мөлшерінің тұрақтылығына кепілдіктерді қамтитын болашақ инвестициялар туралы мәлімдемелерді;
- 5) Басқарушы компанияның басқару дағдылары немесе сипаттамалары, сондай-ақ олардың мемлекеттік органдармен, өзге де тұлғалармен байланысы туралы асыра айтылған немесе расталмаған мәлімдемелерді;
- 6) қатарынан күнтізбелік 12 (он екі) айдан аз кезеңдегі Қордың инвестициялық қызметінің кірістілігі туралы ақпаратты қамтымауға тиіс.

118. Қордың Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметі туралы ақпараттың мазмұнына, Қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштерге, оның ішінде дәл емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты

таратуға немесе жариялауға, сондай-ақ оны уақтылы таратпауға немесе жарияламауға жауапты болады.

Басқарушы компания активтер мен міндеттемелердің құны мен құрамы, Қордың таза активтерінің құны, сондай-ақ пайларды ұстаушылардың саны және пайдың кірістілігі туралы ақпаратты Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен, нысандар бойынша және мерзімдерде ұсынады.

19-тарау. ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫН САТЫП АЛУҒА ӨТІНІМДЕР БЕРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

119. Қордың пайларын сатып алу Қор активтерінің құрамында бар немесе оларды сатудан алынған ақша, сондай-ақ Заңда және Қордың Қағидаларында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.
120. Қордың пайларын бастапқы орналастыру мерзімі ішінде пайларды сатып алуға жол берілмейді.
121. Қордың пайларын сатып алу Қордың Қағидаларына 7 және 8-қосымшаларда белгіленген және Басқарушы компанияның мынадай: <http://almaty-ffin.kz> интернет-ресурсында қосымша жарияланған нысандар бойынша пайларды сатып алуға өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.
122. Қордың пайларын сатып алуға өтінімдерді Басқарушы компания немесе оның өкілдері пайлар сатып алатын күннің алдындағы жұмыс күнінің соңына дейін Заңда және Қордың Қағидаларында белгіленген талаптарда қабылдайды. Өтініш берушіге ақша беру (оның ішінде ол көрсеткен шотқа аудару) пайларды сатып алған күні жүзеге асырылады.
123. Қордың пайларын сатып алуға өтінімдер пайлар сатып алатын күннің алдындағы жұмыс күнінің соңындағы пайдың есептік құны негізге алына отырып айқындалған баға бойынша орындалады.
124. Басқарушы компания Қордың Қағидаларына 1-қосымшаның 2-тарауына сәйкес айқындалған құн бойынша оларды ұстаушылардың өтінімдері бойынша Қордың пайларын сатып алуды жүзеге асырады.
125. Қордың пайларын сатып алу Басқарушы компанияның шешімі бойынша, бірақ тоқсанына кемінде 1 (бір) рет жүзеге асырылады:
 - 1) пайларды тоқсан сайын сатып алу кезінде сатып алу 15 қаңтарда, 15 сәуірде, 15 шілдеде, 15 қазанда жүзеге асырылады. Демалыс немесе мереке күніне 15 (он бесінші) күн түскен кезде пайларды сатып алатын күн демалыс немесе мерекеден кейінгі жұмыс күні болып табылады;
 - 2) Басқарушы компанияның шешімі негізінде пайларды өзге мерзімдерде сатып алу кезінде Басқарушы компания пайларды ұстаушыларға өтінімдердің қабылдануы басталатын күнді көрсете отырып, шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде пайларды сатып алу туралы шешім қабылдау туралы хабарлайды;
 - 3) пайларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне енгізген жағдайда пайларды сатып алу ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылуы мүмкін. Ұйымдастырылған нарықта пайларды сатып алу Қазақстан Республикасының және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың заңнамасында белгіленген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.
126. Пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдау кезеңі кемінде 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.
127. Қордың Қағидаларына сәйкес пайларды сатып алуға өтінімдер негізінде сатып алу сомасының ең аз мөлшері 5 000 (бес мың) теңгеден кем болмауы тиіс. Қордың пайларын ұстаушыдан пайларды ішінара сатып алу кезінде құны 5 000 (бес мың) теңгеден кем емес

пайлар қалуға тиіс, бұл ретте пайларды толық сатып алған жағдайда пайлардың қалдығы бойынша талаптар белгіленбейді.

128. Пай ұстаушылардың мүдделеріне нұқсан келтіретін Қор Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Қордың пайларын ұстаушылар аталған өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өздеріне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы.

129. Мынадай:

- 1) Қордың Қағидаларында белгіленген өтінімдерді беру тәртібі мен талаптар сақталмаған;
- 2) Заңда және Қордың Қағидаларында көзделген тәртіппен Қордың пайларын сатып алуды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайларда Қордың пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартылуы мүмкін.

130. Қордың пайларын сатып алуға өтінімдер оларды қабылдаудың хронологиялық тәртібімен орындалады.

131. Басқарушы компания орындау нәтижесінде Қор активтерінің ең төменгі мөлшеріне қойылатын талап бұзылатын Қордың пайларын сатып алуға өтінімді қабылдаған жағдайда Басқарушы компания пайларды сатып алуды 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұрады, оның барысында Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы шешім қабылданады.

132. Қордың пайларын сатып алуға өтінімдерді орындау тек қана пайларды ұстаушы немесе оның уәкілетті өкілі Қордың пайларын сатып алуға өтінімде көрсеткен банктік шотқа тиісті ақша сомасын аудару жолымен жүзеге асырылады.

20-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ ҚОРДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУІ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

133. Басқарушы компанияның шешімі бойынша Қордың Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

134. Мынадай:

- 1) Басқарушы компанияның атауы және (немесе) орналасқан жері;
- 2) Кастодианның атауы және (немесе) орналасқан жері;
- 3) Басқарушы компанияның және (немесе) Кастодианның аудиторлық ұйымдарының, сондай-ақ олардың атауының және (немесе) орналасқан жерінің өзгерістері;
- 4) Қордың пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі делдалдардың тізбесі туралы өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қоспағанда, Қордың Қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар Уәкілетті органмен келісілуге жатады.

Осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында санамаланған Қор Қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар Басқарушы компанияның шешімінде белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

135. Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде Қордың Қағидаларына осы тараудың 134-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

136. Басқарушы компания Қордың пайларын ұстаушыларға Қордың Қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау және оларды Уәкілетті органмен келісу туралы хабарлауға міндетті.

137. Қор Қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан немесе барлық пай ұстаушы Қордың Қағидаларында белгіленген тәртіппен осы өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін алғаннан

кейін оларды Уәкілетті органмен келісу туралы көрсете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

Егер Қордың Қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар ұсынылған күнге Қордың 1 (бір) пайы орналастырылмаған жағдайда, өзгерістер және (немесе) толықтырулар Уәкілетті органмен келісілген күннен кейін не осы тараудың 134-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы шешім қабылданған күннен кейін көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар күшіне енеді.

138. Пай ұстаушылардың мүдделеріне қысым жасайтын Қордың Қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Қордың пайларын ұстаушылар аталған өзгерістер және (немесе) толықтырулар күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өздеріне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы.

139. Инвестициялық пай қорлары қызметінің тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Қордың Қағидаларына өзгерістер енгізілгенге дейін тиісті нормалар қолданылады.

21-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУЫНДАҒЫ БАСҚА АРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПАЙ ҚОРЫНЫҢ ПАЙЛАРЫНА ОЛАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТАПСЫРЫС БЕРУІ БОЙЫНША ПАЙЛАРДЫ АЙЫРБАСТАУ ТАЛАПТАРЫ, БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ, КАСТОДИАННЫҢ ЖӘНЕ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ПАЙЛАРЫН АЙЫРБАСТАУ РӘСІМІН ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

140. Басқарушы компанияның шешімі бойынша Қордың Қағидаларына Басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруындағы басқа аралық инвестициялық пай қорының пайларына оларды ұстаушылардың тапсырыс беруі бойынша пайларды айырбастау талаптарын және Басқарушы компанияның, Кастодианның және депозитарийдің пайларын айырбастау рәсімін жүргізу талаптары мен тәртібін айқындайтын толықтырулар енгізілуі мүмкін.

22-тарау. ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЗАҢДА ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН ЖАРИЯЛАНАТЫН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

141. Қор бойынша ақпарат Басқарушы компанияның мынадай: <http://almaty-ffin.kz> интернет-ресурсында жарияланады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың міндетті талабы белгіленсе, онда мұндай ақпарат республикалық «Казахстанская правда» газетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

23-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

142. Басқарушы компанияның пайларды орналастыру және сатып алу жөніндегі өз өкілдерінің/агенттерінің тізбесін және оларға қойылатын талаптарды дербес айқындауға құқығы бар. Басқарушы компания өкілдерінің/агенттерінің тізбесі туралы ақпарат (олар болған кезде) инвесторларға Басқарушы компания орналасқан жерде беріледі немесе Басқарушы компанияның мынадай: <https://almaty-ffin.kz> интернет-ресурсында орналастырылады. Басқарушы компания өкілдерінің/агенттерінің Қордың пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі тізбесін өзгертуді Басқарушы компания да дербес жүзеге асырады және Қордың Қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу қажеттілігіне әкеп соқпайды.

143. Егер осы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына, Басқарушы компанияның жарғысына және/немесе Қордың Қағидаларына сәйкес Басқарушы компанияның өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаса, Қордың

Қағидаларына сәйкес шешімдерін Басқарушы компания айқындайтын және /немесе белгілейтін барлық мәселелерді Басқарушы компанияның бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адамдар дербес қарайды және қабылдайды. Бұл ретте аталған мәселелер бойынша қабылданған шешімдер Қордың Қағидаларына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге әкеп соқпайды.

**«GoodWill KZT»
Аралық Инвестициялық Пай Қорының
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

**1-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ, КАСТОДИАН БАНКТИҢ ЖӘНЕ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ТОЛЫҚ АТАУЫ, ОЛАРДЫҢ
ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

1. Қордың Басқарушы компаниясының толық атауы, лицензияларының деректемелері және орналасқан жері:

1-кесте

Толық атауы	«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Басқарушы компания)
Орналасқан жері (заңды мекенжайы)	индексі 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостындық ауданы, пр.Аль-Фараби, 77/7-үй, 7-қабат
Пошталық мекенжайы	индексі 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостындық ауданы, Әл-Фараби д-лы, 77/7-үй, 7-қабат
Лицензиялар	№ 3.2.238/15 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 2 қазанда берді, ол қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыруға құқық береді: 1) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметтің; 2) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті. № 4.3.12 шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге лицензияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2020 жылғы 4 ақпанда берді, ол мынадай банк операцияларын жүргізуге құқық береді: қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары.

Алғаш рет алған бағалы қағаздар нарығында қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар туралы деректер	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 2007 жылғы 21 наурыздағы № 0401200621 инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен айналысуға; Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 2007 жылғы 21 наурыздағы №040321437 номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға.
---	---

2. Кастодиан банктің толық атауы, лицензиялары мен орналасқан жерінің деректемелері, оның құқықтары мен міндеттері:

2-кесте

Толық атауы	«Bereke Bank» акционерлік қоғамы (Lesha Bank LLC (Public) еншілес банкі) (бұдан әрі – Кастодиан)
Орналасқан жері (заңды мекенжайы)	050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 36-үй, Алматы Қаржы Орталығы, «Би» ғимараты
Лицензия	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 2025 жылғы 12 наурыздағы № 3.3.255/47 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі – Уәкілетті орган)
Кастодианға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның толық атауы	«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

- 2.1. Кастодиан «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының (бұдан әрі – Қор) активтерін Кастодианның меншікті активтерінен және оның өзге клиенттерінің активтерінен бөлек есепке алады және сақтайды.
- 2.2. Қордың активтерін есепке алу және сақтау мақсатында, сондай-ақ Қордың активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты операциялар бойынша есеп айырысулар үшін Кастодиан шоттарды сенімгерлік басқаруды Қордың Басқарушы компаниясы жүзеге асыратынын көрсете отырып, инвестициялық қордың шоттарын ашады (жүргізеді).
- 2.3. Пай ұстаушының, Басқарушы компанияның немесе Кастодианның міндеттемелері бойынша, оның ішінде аталған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда Қордың активтерінен өндіріп алуға жол берілмейді.
- Қордың пайларын ұстаушылардың міндеттемелері бойынша өндіріп алу оларға тиесілі пайларға қолданылуы мүмкін.
- 2.4. Басқарушы компания немесе Кастодиан дәрменсіз немесе банкрот деп танылған немесе жарияланған жағдайда Қордың активтері конкурстық (тарату) массасына енгізілмейді.

3. Басқарушы компанияға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның толық атауы, лицензиялардың деректемелері және аудиторлық ұйымның орналасқан жері:

3-кесте

Толық атауы	«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орналасқан жері (заңды мекенжайы)	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050059, Әл-Фараби д-лы, 36-үй, Алматы Қаржы Орталығы, «Би» ғимараты
Лицензия	№ 0000015 аудиторлық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 13.09.2006 жылы берген, МФЮ-2 сериясы қолданыс мерзімі: мерзімсіз

2-тарау. ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНЫН ЖӘНЕ ПАЙДЫҢ ЕСЕПТІК ҚҰНЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

4. Басқарушы компания мен Кастодиан жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге инвестициялық қорлардың және өзге де қызмет көрсетілетін клиенттердің активтерін есепке алудан Қордың активтерін бөлек есепке алуды жүзеге асырады.
5. Басқарушы компания мен Кастодиан қор активтерінің есебін мыналарды сақтай отырып жүзеге асырады:
- 1) Қор активтерінің құрылымы есепке алу жүйесінде бөліністе көрсетіледі:
 - Қордың пайларын төлеуге алынған активтерді;
 - алынған кіріс, оның ішінде дивидендтер, қаржы құралдары бойынша сыйақылар түріндегі түсімдер, сондай-ақ Қордың активтерімен мәмілелер бойынша кіріс;
 - есептелген кіріс, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы, Қордың активтерін қайта бағалаудан құн өсімі;
 - 2) Қордың активтері есебінен өтелетін және Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарға төленетін шығыстар мыналардың:
 - Қордың пайларын төлеуге алынған активтердің;
 - инвестициялық кірістің есебінен өтелетін шығыстарға бөлінеді;
 - 3) Қордың активтерін есепке алу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасында кәсіпкерлер мен ұйымдар үшін белгіленген бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің қағидаттары мен негізгі сапалық сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.
6. Қордың активтерін есепке алу шоттары бойынша талдамалық есепке алуды жүзеге асыру кезінде мыналар:
- 1) валюта түрі;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы Қордың активтері және Қазақстан Республикасынан басқа өзге де мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған немесе олардың аумағындағы Қордың активтері;
 - 3) қаржы құралдарының айналыс (қолданыс) түрлері мен мерзімдері;

- 4) бағалы қағаздардың эмитенттері (бағалы қағаздардың сәйкестендіру нөмірлері), салым шарттары жасалған екінші деңгейдегі банктер, Қор сатып алған қаржы құралдарын шығарған адамдар;
 - 5) инвестициялық қор активтерінің құрамына енгізілген қаржы құралдарының саны;
 - 6) инвестициялық қор активінің соңғы ағымдағы құны және оның номиналды құны (борыштық бағалы қағаздар үшін) немесе баланстық құны (акциялар үшін);
 - 7) инвестициялық Қор активін сатып алу күні және оның сатып алу құны;
 - 8) есептелген кірістің, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақының сомасы көрсетіледі.
7. Қордың активтері мен міндеттемелерінің құны пайларды орналастырудың барлық кезеңі ішінде (бастапқы орналастыру кезеңін қоспағанда) және (немесе) пайларды орналастыру және (немесе) сатып алу күнінің алдындағы жұмыс күнінің соңындағы пайларды сатып алудың барлық кезеңі ішінде, сондай-ақ:
- 1) Қордың пайларын бастапқы орналастыру аяқталған күнге;
 - 2) әр айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша;
 - 3) пайларды орналастыруды және (немесе) сатып алуды тоқтата тұрған жағдайда, оларды орналастыруды және (немесе) сатып алуды қайта бастау туралы шешім қабылданған күнге;
 - 4) Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайда, оның жұмыс істеуін тоқтату үшін негіз пайда болған күнге;
 - 5) Қордың Қағидаларына сәйкес өзге де жағдайларда айқындалады.
8. Қордың Қағидаларына 1-қосымшаның 2-тарауы 7-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, әр айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша Қордың активтері мен міндеттемелерінің құны Басқарушы компанияның және инвестициялық Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де адамдарға шығыстар мен сыйақы төлеу сомалары есептелгеннен кейін айқындалады.
9. Қаржы құралдары мен өзге де мүлік Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бағаланады.
10. Құны шетел валютасында көрсетілген Қордың активтерін бағалау қор активтерінің құнын айқындау күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша жүзеге асырылады.
11. Қордың міндеттемелеріне мыналар:
- 1) Қордың пайларын сатып алу бойынша міндеттемелер;
 - 2) Қордың бағалы қағаздары бойынша дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттемелер;
 - 3) Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарға Қордың активтерімен жасалатын мәмілелер, комиссиялық сыйақылар бойынша берешек;
 - 4) Қор активтері есебінен орындалуға жататын өзге де міндеттемелер жатады.
12. Қордың таза активтерінің құнын және Қордың пайының есептік құнын айқындау:
- Қордың таза активтерінің құны оның активтерінің құны мен Қор активтері есебінен орындалуға жататын міндеттемелердің арасындағы айырма ретінде айқындалады.
13. Қор пайының есептік құны «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-тың (бұдан ары – депозитарий) пай ұстаушылар тізілімдерінің жүйелеріндегі деректеріне сәйкес сол күні айналыстағы пайлардың санына (бүтін және/немесе бөлшек сан, бес ондық таңбаға дейінгі дәлдікпен) бөлу жолымен Қордың таза активтерінің құнын айқындау күніне айқындалады.

14. Басқарушы компания инвестициялық қордың активтерін құрайтын қаржы құралдарының құнсыздануына ай сайын тесттер жүргізеді және қажет болған жағдайда Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қаржы құралдарының құнсыздануын немесе құнын төмендетуді жүргізеді.

3-тарау. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯҒА ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ӨЗГЕ ДЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ТӨЛЕНЕТІН, ҚОР АКТИВТЕРІ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН ШЫҒЫСТАР МЕН СЫЙАҚЫЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ, ОЛАРДЫ АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ МЕН ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРЛЕРІ

15. Қордың активтері есебінен төленеді:

1) Басқарушы компанияның басқарғаны үшін мынадай:

- Қордың таза активтерінің орташа жылдық құнының 0,5 пайызы мөлшерінде комиссиялық сыйақысы;
- Басқарушы компанияның комиссиялық сыйақысының мөлшері біржақты тәртіппен Басқарушы компанияның тиісті шешімімен өзгертілуі және айқындалуы мүмкін, бірақ кез келген жағдайда Басқарушы компанияның жылдық сыйақысының мөлшері қор активтерінің орташа жылдық құнының 2 (екі) пайызынан аспауға тиіс;
- күн сайын есептеледі, күнтізбелік айдың қорытындысы бойынша айына 1 (бір) рет алынады;

2) пайдың құнын арттырғаны үшін комиссиялық сыйақы:

- пай құнының өсуінен комиссиялық сыйақыны есептеу үшін күнтізбелік жылғы 30 желтоқсанда сағат 23-59 минутқа пайдың құны және айналыстағы пайлардың саны ескеріледі;
- пайдың құнының өсуінен комиссиялық сыйақы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жылына 1 (бір) рет есептеледі және алынады;
- Пайдың құнын арттырғаны үшін комиссиялық сыйақыны есептеу, мыналар:

Пайдың құнын арттырғаны үшін комиссиялық сыйақы = $(A / B * C) * Q$,

мұндағы:

A – күнтізбелік жыл ішінде төленген дивидендтер бойынша кірістілік пайызын ескере отырып, күнтізбелік жылғы 30 желтоқсанда сағат 23-59 минутқа пайыз құны мен өткен жылғы 31 желтоқсанда сағат 23-59 минутқа пайыз құны арасындағы айырма;

B – пайыз құнының өсуінің жылдық кірістілігі;

C – шекті мәннің (B) өсуі мен 10 (он) пайызға көбейтілген кірістіліктің шекті мәні (4% - ға тең) арасындағы айырмашылық;

Q – айналыстағы пайлардың саны.

жылдық 4 (төрт) пайыздан кем кірістілік кезінде комиссиялық сыйақы есептелмейді.

16. Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарға сыйақылар Қордың активтері есебінен ай сайын есептеледі.

Басқарушы компанияға сыйақы Басқарушы компанияның шешімі бойынша ай сайын немесе одан аз төленеді.

Кастодианның, депозитарийдің, брокерлерге, сауда-саттықты ұйымдастырушыға, аудиторға және бағалаушыға қызмет көрсететін қызметтерге ақы төлеу олардың және Басқарушы компанияның арасындағы шарттарда көзделген талаптарда және тәртіппен шот-фактуралар жасалуына қарай жүргізіледі.

17. Егер күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша Басқарушы компанияның алынған сыйақысының сомасы есептелген сомадан асып кеткен жағдайда, Басқарушы компания айырманы Қордың инвестициялық шотына өз қаражаты есебінен есептеуді жүргізеді.
 18. Қордың активтері есебінен Қордың жұмыс істеуіне байланысты барлық шығыстар мен салықтар өтеледі, оның ішінде:
 - 1) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мен сауда-саттықты ұйымдастырушылар алатын барлық комиссияларды, сыйақыларды және өзге де алымдарды қоса алғанда, Қордың активтерімен мәмілелер және өзге де операциялар жасау;
 - 2) Қор активтерінің құрамына енгізілген мүліктің мазмұны;
 - 3) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің салық заңнамасына сәйкес төленуге жататын салықтар мен өзге де міндетті төлемдер;
 - 4) егер Қордың Қағидаларында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, Қор активтерінің құрамына енгізілген мүлікті сақтандыру;
 - 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қор Қағидаларының талаптарына сәйкес жариялануға жататын құжаттарды жариялау бойынша шығыстар;
 - 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қор Қағидаларының талаптарына сәйкес Қор туралы ақпаратты жария етуге байланысты шығыстар;
 - 7) сот шығындары және Қорды сенімгерлік басқаруға қатысты сот ісін жүргізуге байланысты көрсетілетін заң қызметтерінің құны;
 - 8) Қордың активтері есебінен жүзеге асырылатын инвестициялармен тікелей байланысты консультациялық және заң қызметтері;
 - 9) Қор активтерінің құрамына кіретін ақшамен операцияларға банктік және есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға арналған шығыстар;
 - 10) өтінімдерді қабылдауды жүзеге асыру кезінде ақпаратты берудің электрондық жүйелерін пайдалануға және Қордың активтерін басқару барысында электрондық жүйелерді пайдаланудың өзге де жағдайларына байланысты шығыстар;
 - 11) Қор активтерінің құрамына кіретін дауыс беретін бағалы қағаздар бойынша дауыс беретін бағалы қағаздарды ұстаушылардың (құрылтайшылардың) жалпы жиналыстарына қатысуына байланысты жүргізілген шығыстар;
 - 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Қағидаларында белгіленген жағдайларда Қор құжаттарының көшірмелерін нотариалды куәландыруға ақы төлеу;
 - 13) Кастодианды, депозитарийді, бағалаушыны, брокерді және Қордың аудиторы ауысымының рәсіміне ақы төлеу;
 - 14) пай ұстаушының Қордың Қағидаларына сәйкес өзіне қажетті ақпаратты дайындау және жолдау жөніндегі шығыстары.
- Пайларды сатып алу үшін алынған қарыздардың кез келген түрлері бойынша Қордың активтері есебінен өтеуге жататын берешектің жиынтық көлемі Қордың таза активтері құнының 10 (он) пайызынан аспауға тиіс.
- Пайларды сатып алу үшін қарыз қаражатын тарту мерзімі (ұзарту мерзімін қоса алғанда) 3 (үш) айдан аспауға тиіс.
- Қордың пайларын сатып алуға арналған қарыз ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төлемдері Басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.
19. Қордың Қағидаларында айқындалмаған сыйақылар мен шығыстардың түрлері Қордың активтері есебінен өтелуге жатпайды.

20. Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде:
- 1) Басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді;
 - 2) Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты осы кезеңдегі сыйақылар мен шығыстарға ақы төлеу, оның ішінде Кастодиан мен депозитарийдің қызметтеріне ақы төлеу Басқарушы компанияның меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады, кейіннен оның шығындары қор активтері есебінен өтеледі.
21. Қордың пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін оның таза активтерінің құны ең төменгі мөлшерге сәйкес келмегендіктен Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайларда Басқарушы компания Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде жүргізілген шығындарды өтеу бойынша шығындар тәуекелін өзіне алады.
22. Сыйақылар мен шығыстарды аударуды Кастодиан Басқарушы компанияның бұйрығы бойынша Қордың шотынан жүзеге асырады. Кастодиан көрсетілген сомалардың дұрыс есептелуін бақылауды жүзеге асырады.

4-тарау. ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

23. Дивидендтер төлеу дивидендтер алуға құқығы бар пай ұстаушылардың тізілімі тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
24. Дивидендтер алуға құқығы бар пай ұстаушылардың тізілімін тіркеу күні тиісті күнтізбелік жылдың соңғы күні болып табылады.
25. Дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырылады.
26. Қор пай ұстаушыларға дивидендтер төлеуді жыл сайын тиісті жылдың соңындағы Қордың таза активтері құнының 3 (үш) пайызы мөлшерінде пай санына тепе-тең жүзеге асырады.
27. Қордың пайларын ұстаушылардың тізілімі тіркелген күннің жұмыс күнінің соңында Қордың пайларына иелік еткен Қордың пайларын ұстаушылар дивидендтер алуға құқылы.
28. Дивидендтер төлеу депозитарий берген бағалы қағаздар бойынша кірістерді есептеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімінде көрсетілген пай ұстаушының банктік шотының деректемелері бойынша жүзеге асырылады. Пайларды пайшылардың дербес шоттарында сақтаған және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімінде банк деректемелері болмаған жағдайда, дивидендтер төлеу пайларды сатып алуға арналған өтінімде көрсетілген банктік шоттың деректемелері бойынша жүзеге асырылады.
29. Егер пайшы пайларды сатып алуға өтінімде пайларды Қордың шотына төлеуді таңдаған жағдайда, Басқарушы компания дивидендтер төлеу кезінде пайшының есептелген дивидендінің сомасын қайта инвестициялайды.
30. Дивидендтерді есептеу және төлеу Қор қызметін тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін тоқтатылады.

5-тарау. ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

31. Қордың инвестициялық саясатының мақсаты:
- Қордың пайларын ұстаушылардың осындай инвестициялау кезінде тәуекелдердің қолайлы деңгейі бар кіріс алу мақсатында Қордың активтерін инвестициялау.
32. Басқарушы компанияның Қордың активтеріне қатысты инвестициялық саясатының міндеттері:
- 1) Қордың активтерін инвестициялаудың әртүрлі стратегияларын қолдана отырып, инвестициялық Қорлардың активтерін инвестициялау үшін Қазақстан Республикасының

заңнамасында рұқсат етілген барлық тартымды инвестициялық құралдарға инвестициялау;

2) тиісті және қолайлы тәуекел деңгейімен ең көп кіріс алу.

6-тарау. ҚОРДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ОБЪЕКТІЛЕРІ, ТАЛАПТАРЫ МЕН ЛИМИТТЕРІ

33. Қордың активтері төменде көрсетілген қаржы құралдарын құрауы мүмкін:

- 1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмитенттелген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар;
- 2) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген облигациялар;
- 3) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар;
- 4) мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар:

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас рейтингі бар;

банктер бейрезиденті-бас банкте Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резиденттері-еншілес банктер болып табылады;

- 5) Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B»-тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және (немесе) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторларының талаптарына сәйкес келетін эмитенттердің акциялары және (немесе) аумақта қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген эмитенттердің акциялары;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша рейтингі «B»-тен төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторларының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар және (немесе) шетел валютасында номинирленген және «Астана» Халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген борыштық бағалы қағаздар;

қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары;

басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының (басқарушы компаниясы активтері есебінен осы пайлар сатып алынатын инвестициялық пай қорларының басқарушы компаниясы болып табылатын инвестициялық пай қорларын қоспағанда), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген пайлары;

осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар;

- 6) Morningstar рейтингтік агенттігінің «3 жұлдыздан» төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары;
- 7) Базалық активі осы тармақтың 5), 12), 13) жолдарында көрсетілген акциялар болып табылатын не базалық активі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша рейтингісі «В-»-тен төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттар;
- 8) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар;
- 9) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы;
- 10) Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы («London bullion market association») қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі металл депозиттер;
- 11) мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар:
 - Азия даму банкі;
 - Америкааралық даму банкі;
 - Африка даму банкі;
 - Еуропа Даму банкі;
 - Еуропа инвестициялық банкі;
 - Еуропа Қайта құру және даму банкі;
 - Ислам даму банкі;
 - Халықаралық есеп айырысу банкі;

Халықаралық Қайта құру және даму банкі;

Халықаралық қаржы корпорациясы;

12) Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған акциялар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар;

13) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының резиденттері деп танылатын шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар;

14) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар ұйымдар шығарған Principal protected notes, ол мына талаптардың біріне сәйкес келеді:

айналыс мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды;

principal protected notes шығарылым талаптарымен қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген;

15) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар бейрезидент банктердегі салымдары;

16) Базалық активі ашық және аралық инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары, шетел валютасы, сондай-ақ мынадай есепті көрсеткіштер (индекстер) болып табылатын, хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар):

AIX (Astana International Exchange);

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);

DAX (Deutscher Aktienindex);

DJIA (Dow Jones Industrial Average);

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);

HSI (Hang Seng Index);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index);

RTSI (Russian Trade System Index);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index);

17) жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысу үлесі;

18) Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds (ETF) пайлары немесе негізгі қор индекстеріне байланыстырылған пайлары бойынша баға құру.

34. Қордың қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін мәмілелердің түрлері:

1) ұйымдастырылған нарықта бағалы қағаздарды сатып алу / сату;

2) бастапқы нарықта бағалы қағаздарды сатып алу;

3) ұйымдастырылмаған нарықта бағалы қағаздарды сатып алу/сату;

4) РЕПО мәмілелері, кері РЕПО;

5) тазартылған қымбат металдарды сатып алу / сату

6) екінші деңгейдегі банктердегі салымдар;

7) Қордың Қағидаларына осы 1-қосымшаға сәйкес инвестициялау, Қордың Қағидаларына 1-қосымшамен шектелген инвестициялардан басқа, қолданыстағы заңнамаға сәйкес қаржы құралдарына және өзге де мүлікке өзге де инвестициялар.

35. Инвестициялаудың лимиттері:

Қаржы құралдарының түрлері бойынша инвестициялау лимиттері:

4-кесте

Құралдар	Инвестициялау лимиті
Акциялар және АДҚ/ЖДҚ	ТАҚ-ның 80%-на дейін
Борыштық бағалы қағаздар	ТАҚ-ның 80%-на дейін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	активтердің 100%-на дейін
Депозиттер	ТАҚ-ның 100%-на дейін
Кері РЕПО операциялары (орталық контрагенттің қатысуымен жасалған)	активтердің 100%-на дейін
Тікелей РЕПО операциялары (орталық контрагенттің қатысуымен жасалған)	активтердің 100%-на дейін
Ақша	активтердің 100%-на дейін
Exchange Traded Funds (Exchange Traded Funds) пайлары, олардың бағасы қор индексітеріне байланысты	активтердің 100%-на дейін
Басқалары	ТАҚ-ның 20%-на дейін

Белгілі бір мемлекеттің резиденттері болып табылатын эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялау лимиттері («елге лимит»).

5-кесте

Страны	Инвестициялау лимиті
S&P шкаласы бойынша "AAA" - дан "А -" - ға дейінгі рейтингі немесе Қазақстан Республикасын қоспағанда, халықаралық рейтингтік агенттіктердің басқа агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейі бар елдер	ТАҚ-ның 100%-на дейін
S&P шкаласы бойынша «BBB+»-тен «В-»-ке дейінгі рейтингі немесе Қазақстан Республикасын қоспағанда, халықаралық рейтингтік агенттіктердің басқа агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейі бар елдер	ТАҚ-ның 80%-на дейін
Қазақстан Республикасы	активтердің 100%-на дейін

36. Қор активтерінің құрамында болмауы тиіс:

- 1) осы Қордың Басқарушы компаниясының басқаруындағы инвестициялық қорлар шығарған акциялар немесе пайлар;
- 2) Қордың Басқарушы компаниясы шығарған (ұсынған) активтер;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы акцияларын немесе қатысу үлестерін;
- 4) Қазақстан Республикасының қаржы агенттіктерінің мемлекеттік бағалы қағаздары мен агенттік облигацияларын қоспағанда, бір заңды тұлғаның бір түрінің (шығарылымының) қаржы құралдары осы түрдегі (шығарылымның) орналастырылған қаржы құралдарының жалпы санының 15 (он бес) пайызынан асатын мөлшерде.

37. Қордың пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін оның активтері бағалы қағаздары Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізілген, Қордың Басқарушысына компанияның қатысуы бойынша үлестес емес пайлардың, екінші деңгейдегі банктердің номиналды құны көрсетілген Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы немесе валютадағы депозиттерге ғана инвестициялануы мүмкін.

38. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына (ақшаны қоспағанда) инвестициялық қор активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден аспауға тиіс.

Осы тармақта белгіленген шектеулер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына, сондай-ақ Қордың Қағидаларына 1-қосымшаның 6-тарауының 39-тармағында көрсетілген адамдар шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына қатысты қолданылмайды.

39. Дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық Басқарушы холдингке немесе ұлттық холдингке және ұлттық экономиканың бір саласында қызметін жүзеге асыратын оның үлестес тұлғаларына тиесілі бір адам шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестициялық қор активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

40. Қаржы нарығы лицензиаттарының дауыс беретін акцияларына Басқарушы компанияда басқарылатын Қор активтерінің және Басқарушы компанияның меншікті активтерінің

инвестицияларының жиынтық көлемі оларды сатып алуға Уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуға тиіс.

7-тарау. ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІН ХЕДЖИРЛЕУ ЖӘНЕ ӘРТАРАПТАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫ

41. Инвестициялық тәуекелдерді төмендету мақсатында Басқарушы компания инвестициялық портфель активтерін хеджирлеуді жүзеге асыруға құқылы. Активтерді хеджирлеу базалық активтері Қор активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары болып табылатын туынды қаржы құралдарымен және шетел валюталарымен мәмілелер жасау жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Активтерді хеджирлеу мақсатында фьючерстер, опциондар, своптар және форвардтар пайдаланылуы мүмкін.
42. Қордың инвестициялық портфелі бойынша тәуекелді бөлу мақсатында инвестициялар бойынша тәуекелдерді ықтимал ең төменгі деңгейге дейін азайту үшін Қор активтері әртүрлі қаржы құралдарына және әртүрлі елдердің экономикасының әртүрлі салаларындағы әртүрлі кәсіпорындардың активтеріне инвестициялауға жатады.
43. Қор активтері есебінен жүзеге асырылған негізгі инвестициялар бойынша тәуекелдерді төмендету мақсатында қаржы құралдарымен және олардың туындыларымен мәмілелер жасау жолымен Қордың активтерін хеджирлеу немесе бағалар, айырбас бағамдары, сыйақы мөлшерлемелері немесе жай-күйіне қор активтері бойынша кірістер мен залалдардың туындауы тәуелді болатын өзге де ықтимал көрсеткіштер өзгерген кезде мүлтік мүдделерді тәуекелдерден қорғау жүзеге асырылады.

8-тарау. ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕ ИНВЕСТИТОРЛАРДЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ СИПАТЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯДА АЙҚЫНДАЛҒАН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫ ТӨМЕНДЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

44. Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес Қордың пайларына, қаржы құралдарына және өзге де мүлікке инвестициялау тәуекелдердің жоғары дәрежесімен байланысты және негізгі инвестицияланған соманы қайтару бойынша да, қандай да бір кіріс алу бойынша да кепілдіктерді білдірмейді. Қаржы құралдарына және өзге де мүлікке инвестициялау тәуекелдері мынадай тәуекелдерді және оларды төмендету үшін қолданылатын шараларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:
 - 1) шоғырлану тәуекелі – инвестициялық портфельді әртараптандырудың төмендігімен байланысты тәуекел. Шоғырлану тәуекелін азайту шаралары:
 - бір эмитентке, валютаға, өңірге, экономика секторына шоғырлануды бақылау (әртараптандыру);
 - инвестициялық портфельдегі қаржы құралдары арасындағы корреляция коэффициентін мониторингілеу және төмендету;
 - 2) валюта бағамдарының, пайыздық мөлшерлемелердің, қаржы құралдарының және өзге де мүліктің (мүліктік құқықтардың) бағасының ауытқуымен байланысты нарықтық тәуекел. Бұл тәуекел күнделікті VaR есептеу, тиісті лимиттерді енгізу, стресс-тестілеу жүргізу арқылы азаяды;
 - 3) атап айтқанда, бағалы қағаздар эмитенттері, қаржы құралдарын шығарған (ұсынған) тұлғалар және мәмілелер бойынша контрагенттер тарапынан қабылданған міндеттемелерді орындамау мүмкіндігімен байланысты кредит тәуекелі. Кредит тәуекелін азайту шаралары: бір эмитентке, өңірге немесе экономика секторына лимиттер белгілеу, халықаралық стандарттарда қабылданған кредит тәуекелін бағалаудың стандартталған тәсілін пайдалана отырып, кредит тәуекелін бағалау, эмитент / қарыз алушы / қарсы серіктеске егжей-тегжейлі қаржылық талдау жүргізу;

- 4) активтерді қолайлы бағамен сатудың әлеуетті мүмкін болмауына байланысты нарықтық өтімділік тәуекелі. Нарықтық өтімділік тәуекелін азайту үшін Қор активтерінің едәуір бөлігін өтімді қаржы құралдарына инвестициялау жүзеге асырылады;
- 5) транзакцияларды өңдеу кезінде пайдаланылатын жабдық пен бағдарламалық жасақтаманың дұрыс жұмыс істемеуі мүмкіндігімен, сондай-ақ Қордың, бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымы субъектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалар (ұйымдар) персоналының дұрыс емес әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен байланысты операциялық тәуекел және өзге де мән-жайлар. Операциялық тәуекелді азайту шаралары (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей): міндеттерді міндетті түрде бөлуді енгізу: әртүрлі қызметкерлердің транзакцияларды бастауы, келісуі, орындауы және есепке алуы, өкілеттік деңгейіне негізделген сыни жүйелерге қол жеткізуді шектеу, инвестициялық процесті есепке алу мен бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін іске асыру.
45. Қордың активтері құрылымының Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Қағидаларында, инвестициялық декларацияда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуіне әкеп соққан Басқарушы компанияның әрекеттеріне (нарықтық жағдайдың күрт өзгеруі, қор активтерінің азаюы және басқалар) тәуелді емес мән-жайлар туындаған кезде, Басқарушы компания осындай сәйкессіздікке байланысты инвестициялық қызметті тоқтатады және 1 (бір) жұмыс күні ішінде Уәкілетті органға оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, осы сәйкессіздіктің айғағы мен себептері туралы хабарлайды. Басқарушы компания Қор активтерінің құрылымын Уәкілетті органмен келісілген іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Қағидаларының және инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкес келтіреді.
- Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында Қордың активтерін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Қағидаларының және инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкес келтірудің өзге тәртібі белгіленсе, онда Басқарушы компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етеді.
46. Басқарушы компания Қордың келешектегі кірістеріне кепілдік бермейді және Қордың пайларын сатып алу туралы шешімді Қордың Қағидаларымен танысқаннан және тиісті тәуекелдерді бағалағаннан кейін инвестор дербес қабылдайды.
- Болашақта Қор пайларының құнын ұлғайту туралы кез келген тұлғалардың мәлімдемелері болжамдардан басқа бағаланбауы мүмкін.
- Қор активтерінің құны және сәйкесінше Қор пайларының есептік құны ұлғаюы және төмендеуі мүмкін.

9-тарау. ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ БОЙЫНША ШЕКТЕУЛЕР

47. Басқарушы компания Қордың осы инвестициялық декларациясының 6-тарауында сипатталғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңнамасында көзделген шектеулер мен талаптарды сақтайды.

**«GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық
Пай Қорының активтерін сенімгерлік басқару шарты**

Алматы қ.

«___» _____ 20__ ж.

«Фридом Финанс» АҚ, бұдан әрі «Басқарушы компания» деп аталады, бір жағынан, және инвесторлар («GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының (бұдан әрі – Қор) пайларын сатып алушылар немесе ұстаушылар), бұдан әрі «пай ұстаушылар» деп аталады, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталады, төмендегілер туралы осы Қордың активтерін сенімгерлік басқару шартын (бұдан әрі – Шарт) жасады:

1. Негізгі ережелер

- 1.1 Осы Шарт қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Қордың Қағидаларында Басқарушы компания айқындайды.
- 1.2 Шарттың талаптарын пай ұстаушылар тек көрсетілген Шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдай алады.
- 1.3 Шартқа қосылу Қордың пайларын сатып алу жолымен жүзеге асырылады. Инвестордың Қордың пайларын сатып алуға берген өтінімі инвестордың Шартқа қосылу ниеті туралы ерік білдіруін білдіретін құжат болып табылады.

2. Шарттың нысанасы

- 2.1 Осы Шартта пай ұстаушылар пай ұстаушылардың ақшасын Қорға басқа пай ұстаушылардың ақшасымен біріктіру және оларды кейіннен Қордың Қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялау мақсатында сатып алынған пайлар үшін төлем ретінде енгізілген пай ұстаушылардың ақшасын береді, ал Басқарушы компания сенімгерлік басқаруға қабылдайды.
- 2.2 Қордың пайларын төлеу үшін кастодиандық қызмет көрсету шартына сәйкес ақша оларды орналастыру кезінде Кастодианда - «Bereke Bank» АҚ-тың (Lesh Bank LLC (Public) еншілес банкі) Қордың шотына аударылады.
- 2.3 Басқарушы компания инвесторға Қордың пайларын Қордың Қағидаларына сәйкес айқындалған құн бойынша сатады.
- 2.4 Қордың пайларына меншік құқығы бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымда немесе номиналды ұстаушыларда Қордың пайларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелуге және есепке алуға жатады.
- 2.5 Қордың активтеріне ортақ үлестік меншік құқығындағы пай ұстаушылардың үлестері Басқарушы компания шығарған пайлармен куәландырылады. Пай ұстаушылардың активтерін (пай ұстаушылардың үлестерін) заттай Қордың активтерінен бөлуге жол берілмейді.
- 2.6 Пай ұстаушылардың активтерін басқаруды Басқарушы компания оларды Қорға біріктіру және Қордың активтерін тұтастай басқару жолымен жүзеге асырады.
- 2.7 Осы Шарт бойынша пайда алушылар пай ұстаушылар болып табылады.
- 2.8 Басқарушы компания Қордың активтерін басқаруды өз атынан, бірақ пай ұстаушылардың мүддесі үшін және Қордың активтері есебінен Қордың Қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.
- 2.9 Қордың активтеріне Басқарушы компанияның борыштары бойынша өндіріп алуға жол берілмейді және Басқарушы компания дәрменсіз (банкрот) деп танылған жағдайда

- Қордың активтері конкурстық массаға енгізілмейді.
- 2.10 Пайда алушылардың қор активтеріне пай ұстаушылардың борыштары бойынша өндіріп алуға жол берілмейді. Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер болып табылатын пай ұстаушы таратылған немесе банкрот болған кезде конкурстық массаға пай ұстаушыға тиесілі Қордың пайлары енгізіледі.
- 2.11 Пай ұстаушы – жеке тұлға қайтыс болған жағдайда мұрагерлік массаға пай ұстаушыға тиесілі Қордың пайлары енгізіледі.

3. Қордың активтерін есепке алу және сақтау

- 3.1 Қордың активтерін есепке алуды және сақтауды Кастодиан Қор Қағидаларына, кастодиандық қызмет көрсетуге арналған шартқа, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарушы компанияның құқықтары мен міндеттері

- 4.1 Басқарушы компанияның:
- 1) Қордың активтеріне қатысты кез келген мәмілелер мен әрекеттерді жасау жолымен Қордың активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру және Қордың Қағидалары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік Басқарушының құқықтарын пайдалануға;
 - 2) Қор активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарымен куәландырылған барлық құқықтарды, оның ішінде акционерлердің/пай ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысу құқығын және дауыс беретін бағалы қағаздар бойынша дауыс беру құқығын жүзеге асыруға;
 - 3) Қордың активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты сотта талап қоюлар қоюға және талап қоюлар бойынша жауапкер болуға;
 - 4) Қордың Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
 - 5) Қордың активтері есебінен Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды өтеуге және Қордың Қағидалары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны үшін сыйақы алуға;
 - 6) Қордың Қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар құқығы бар.
- 4.2 Басқарушы компания:
- 1) Қордың Қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пай ұстаушылардың мүддесі үшін Қордың активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға;
 - 2) Қордың активтерін басқару кезінде ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ақылға қонымды және адал әрекет етуге;
 - 3) Басқарушы компанияның меншікті активтерінен және өзге инвестициялық қорларының және клиенттерінің активтерінен бөлек жүзеге асыруға, Қор активтерінің қозғалысын, құрамы мен құнын есепке алуға, сондай-ақ Қордың Қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды кейіннен орналастырған кезде Қор активтерінің құнын және Қор пайының есептік құнын айқындауға (қайта/бағалауға);
 - 4) Қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын кастодианмен салыстырып тексеруді айына кемінде 1 (бір) рет жүзеге асыруға;
 - 5) Қордың Қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пай ұстаушыларды Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ Қор пайының есептік құны туралы айына 1 (бір) рет хабардар етуге;
 - 6) Қор Қағидаларының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қор туралы есептілікті ұсынуға және ақпаратты жария етуге;

- 7) Қордың Қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде пай ұстаушылардың меншік құқықтарын тіркеу үшін депозитарийге бұйрықтар беруге;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қордың Қағидаларында тікелей көзделген өзге де шектеулерді сақтауға міндетті міндетті.

5. Пай ұстаушылардың құқықтары мен міндеттері

5.1 Пай ұстаушылардың:

- 1) осы Шарттың, Қор Қағидаларының және Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар және бағалы қағаздар рыногы туралы қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 2) депозитарийге деректемелердің барлық өзгерістері (жеке куәліктің нөмірі мен берілген күні, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, ресми мекенжайы), құрылтай және бұрын ұсынылған өзге де құжаттардағы өзгерістер туралы, сондай-ақ осындай өзгерістер туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өзінің төлем деректемелерінің өзгергені туралы хабарлауға;
- 3) уәкілетті тұлғалар құрамындағы өзгерістер кезінде сол жұмыс күні депозитарийге уәкілетті тұлғалар құрамынан шыққан адамдардың сенімхатын кері қайтарып алу туралы хабарлауға және депозитарийге жаңа уәкілетті тұлғаларға сенімхат беруге құқығы бар.

Пай ұстаушылардың:

- 1) Қордың Қағидаларында белгіленген жағдайларда, талаптарда және тәртіппен пайды сатып алуға;
- 2) Қордың Қағидаларына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Басқарушы компаниядан Қордың таза активтерінің құрамы мен құны туралы, сондай-ақ Қор пайының есептік құны туралы ақпарат алуға;
- 3) Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде Қордың активтерін сатудан алынған ақшаны алуға құқығы бар;
- 4) Қордың Қағидаларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары бар.

5.2 Пай ұстаушылар:

- 1) Қордың Қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Кастодиандағы шотқа Қордың пайларын төлеуге ақша аударуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Қағидаларына сәйкес онда пайларды есепке алу үшін депозитарийде шот ашуға міндетті;
- 3) Басқарушы компания мен депозитарийге олар сұратқан барлық ақпаратты беруге, бұл ретте ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне пай ұстаушы жауапты болады.

6. Басқарушы компанияға сыйақы

- 6.1 Қордың активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсеткені үшін Басқарушы компания Қордың Қағидаларына сәйкес сыйақы алады.
- 6.2 Осымен пай ұстаушылар Басқарушы компанияның өзіне тиесілі сыйақыны ұстап қалу және Қордың активтерінен тиісті сомаларды есептен шығару жолымен Қордың активтерін басқару бойынша жұмсаған шығыстарының сомаларын өтеу құқығын растайды.
- 6.3 Пай ұстаушылар сондай ақ Басқарушы компанияға сыйақын төлеу және Қордың активтерін басқару жөніндегі шығыстарды өтеу үшін Қор активтерінің құрамында ақша жетіспеген кезде Басқарушы компанияның Қор активтерінен қаржы құралдарының қажетті санын өткізуді жүзеге асыру және Басқарушы компанияның тиесілі сыйақысы мен шығыстарын өтеу мөлшерінде түскен соманы өз пайдасына есептен шығару құқығын растайды.

7. Конфиденциалдылық. Ақпаратты жария ету

- 7.1 Тараптар осы Шартты орындау барысында өздеріне белгілі болған және рұқсатсыз таратылуы Тараптардың кез келгеніне залал келтіруі мүмкін ақпаратты (бұдан әрі-құпия ақпарат) құпияда сақтауға, үшінші тұлғаларға бермеуге және пайда алу мақсатында пайдаланбауға міндеттенеді.
- 7.2 Басқарушы компания конфиденциалды ақпаратқа ол осы Шартты орындау үшін қажетті адамдарға, соның ішінде пай ұстаушылардың уәкілетті өкілдерін қоса алғанда, олар туралы мәліметтерді алдын ала ұсынған адамдарға, сондай-ақ заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ақпаратты алуға уәкілетті өзге де адамдарға ғана қол жеткізуге міндеттенеді.
- 7.3 Осы Шарттың талаптарын бұза отырып, тараптардың кез келгені конфиденциалды ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап шеккен залалдарды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8. Тараптардың жауапкершілігі.

- 8.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.
- 8.2. Қордың пайларын ұстаушылар Қордың активтерін сенімгерлікпен басқаруға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша жауап бермейді және шығын тәуекелін, оның ішінде Қор активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты өздеріне тиесілі пайлардың құны шегінде ғана көтереді.
- 8.3. Қордың мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда Қордың мүлкін тиісінше басқармауға байланысты туындаған борыштар бойынша өндіріп алу Басқарушы компанияның меншікті мүлкіне қолданылуы мүмкін.
- 8.4. Қордың Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметі туралы ақпараттың мазмұнына, Қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштерге, оның ішінде дәл емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратуға немесе жариялауға, сондай-ақ оны уақтылы таратпауға немесе жарияламауға жауапты болады.
- 8.5. Басқарушы компания пай ұстаушылардан осы Шарттың 5.1-тармағының 2)-3) тармақшаларына сәйкес, сондай-ақ Қордың Қағидаларында белгіленген өзге де жағдайларда деректердің өзгергені туралы деректерді алмау немесе уақтылы алмау салдарынан келтірілген залалдарды қоса алғанда, пай ұстаушылардың осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы не тиісінше орындамауы нәтижесінде келтірілген залалдар үшін пай ұстаушылар алдында жауапты болмайды.
- 8.6. Басқарушы компания пай ұстаушылардың алдында мыналардың:
 - 1) эмитенттердің (ұйымдардың, инвестициялық қорлардың) өздері шығарған (ұсынған) қаржы құралдары (Қор активтерінің құрамына кіретін активтер) бойынша төлемеуіне қатысты;
 - 2) есептелген дивидендтер, сыйақылар және өзге де кірістер сомасынан салықтарды және кез келген басқа да ақша сомаларын заңсыз ұстап қалғаны үшін салық агенттерін (эмитенттер мен активтерді шығарған (берген) адамдар тұлғасында) әрекеттері үшін жауап бермейді.

9. Форс-Мажор

- 9.1. Егер Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауы дүлей зілзалаларды, өрттерді, ереуілдерді, әскери іс-қимылдарды, экстремалды ауа райы жағдайларын, қолданыстағы заңнаманың өзгеруін, осы Шарт қолданысының кез келген сәтінде туындаған қаржы құралдарының және Қордың өзге де

активтерінің нарықтық бағасының ауытқуын қоса алғанда (бірақ олармен шектелмей), Тарап болжай алмайтын немесе болдырмайтын еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан болса, олардың ешқайсысы осылай орындамағаны үшін жауапты болмайды.

Мұндай мән-жайларға Тараптар сондай-ақ мемлекеттік билік және басқару органдарының (оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенттері болып табылатын мемлекеттік органдарды немесе мемлекет қатысатын кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру, олар бойынша төлемдерді тоқтата тұру және өтеуді кейінге қалдыру туралы шешімдер) міндеттемелерді орындау талаптарын елеулі түрде нашарлататын немесе Тараптарға Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындатқызбайтын не уақтылы орындатқызбайтын, соның ішінде Қордың активтерін құрайтын қаржы құралдарымен мәмілелер жасатқызбайтын, сондай-ақ тоқтату, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, депозитарийлердің, есеп айырысу палаталарының және сауда жүйелеріндегі сауда процесіне қызмет көрсететін басқа да субъектілердің есеп айырысу, сауда, клирингтік, депозитарлық операцияларды тоқтата тұруы, бағалы қағаздар тізілімдерін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың заңсыз әрекеттері жатады.

- 9.2. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының кез келгені Тараптың осы Шартта белгіленген мерзімде өз міндеттемесін орындауына тікелей әсер еткен болса, онда бұл мерзім еңсерілмейтін күштің тиісті мән-жайының әрекет ету уақытына тепе-тең шегеріледі.
- 9.3. Пай ұстаушылар Қор активтерінің нарықтық бағалары мен осы бағалардың өзгеруі Басқарушы компанияның бақылауынан тыс екенін толық түсінеді және келіседі. Пай ұстаушы Басқарушы компанияның шешімі бойынша сатып алынған активтердің нарықтық бағасының өзгеруіне байланысты болған активтер құнының төмендеуі еңсерілмейтін күштің мән-жайы болып табылады және Басқарушы компания бағаның мұндай өзгеруіне жауап бермейді деп келіседі.

10. Басқарушы компанияның Қордың активтерін басқа Басқарушы компанияның басқаруына беруі

- 10.1. Қордың активтерін басқа Басқарушы компанияның басқаруына беру не оның жұмыс істеуін тоқтату Басқарушы компания шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді одан әрі орындаудың мүмкін болмауына байланысты Қордың активтерін басқару жөніндегі функцияларды одан әрі орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны тоқтата тұрған немесе одан айырған жағдайда жүзеге асырылады.
- 10.2. Басқарушы компания Қордың пайларын ұстаушыларға Шарт тоқтатылған күнге дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын Қордың активтерін басқарудан бас тарту туралы шешім қабылдағаны және Қордың активтерін Қордың Қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарда және тәртіппен басқа Басқарушы компанияның басқаруына бергені туралы хабарлауға міндетті.
- 10.3. Басқарушы компания Қордың активтерін басқарудан бас тарту не лицензиясын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қордың пайларын ұстаушылардың өздеріне тиесілі пайларды сатып алуға ұсынуға құқығы бар.
- 10.4. Егер Қордың пайларын сатып алу нәтижесінде оның активтері Қорды басқа Басқарушы компанияның басқаруына қабылдау үшін жеткіліксіз болса не Қор активтерінің мөлшері қолданыстағы заңнамада белгіленген ең төмен мөлшерден төмен болса, Қор өз қызметін тоқтатады.
- 10.5. Қордың активтерін беру Қордың Басқарушы компаниясы мен Қордың жаңадан сайланған Басқарушы компаниясының Қордың Кастодиандағы шотының үзінді көшірмесін және Кастодианға сақтауға тапсырылған, Қордың жекелеген активтерге құқықтарын растайтын бастапқы құжаттардың, сондай-ақ қабылдау-беру актісіне қол қойған сәтте Басқарушы компанияда болған Қордың өзге де құжаттарының тізбесін қоса бере отырып, қабылдау-беру актісіне қол қоюымен ресімделеді.

11. Шартты бұзу

- 11.1. Пай ұстаушылардың Қордың өздеріне тиесілі пайларын сату, иеліктен шығару жолымен кез келген уақытта осы Шартты бұзуға құқығы бар.
- 11.2. Басқарушы компанияның осы Шартты Қордың Қағидаларында белгіленген тәртіппен бұзуға құқығы бар.
- 11.3. Басқарушы компанияның Қордың барлық пайларын ұстаушылардың пайларын сатып алуы Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды білдіреді. Бір пай ұстаушыға тиесілі барлық пайларды сату осы пай ұстаушы үшін осы Шарттың қолданылуын тоқтатуға әкеп соғады.
- 11.4. Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде оның активтері Қордың Қағидаларында белгіленген тәртіппен өткізілуге жатады және Қордың пайларын ұстаушылар Қордың активтерін өткізуден пайда болған ақшалай сомандан өздеріне тиесілі пайларға тепе-тең өтем алады.
- 11.5. Басқарушы компания жаңа Басқарушы компанияны тағайындауға қатысты Қордың Қағидаларына өзгерістер күшіне енгенге дейін Қордың активтерін басқаруды жалғастырады. Жаңа Басқарушы компанияны тағайындау жөніндегі Қордың Қағидаларына енгізілген өзгерістердің күшіне ену мерзімі Басқарушы компания Қордың активтерін сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.
- 11.6. Қордың активтерін сенімгерлік басқару шарты бұзылған кезде Басқарушы компанияның Қордың активтерін басқарудың нақты күндерінің саны үшін сыйақы алуға және Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасының тиісті талаптарын сақтай отырып, Қордың активтері есебінен осындай басқаруға байланысты жүргізілген барлық шығыстарды өтеуге құқығы бар.

12. Қордың жұмыс істеуін тоқтату

- 12.1. Қордың қызметін тоқтату Қордың Қағидаларында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.
- 12.2. Кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыру үшін сатуды, Қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуді және қалған ақшаны пай ұстаушыларға қайтаруды қоспағанда, Қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін бір немесе бірнеше негіздер туындаған сәттен бастап Қордың активтеріне билік етуге жол берілмейді.
- 12.3. Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды Басқарушы компания немесе Кастодиан Қордың Қағидаларында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырады.

13. Басқа ереже

- 13.1. Осы Шарт инвестор Қордың пайларын сатып алуға өтінім берген және Қордың сатып алынатын пайларына ақы төлеуге ақша енгізген сәттен бастап күшіне енеді және Қордың жұмыс істеу мерзімі ішінде немесе ол осы Шартта немесе Қордың Қағидаларында айқындалған тәртіппен бұзылғанға дейін қолданылады.
- 13.2. Тараптар осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қордың Қағидаларын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.
- 13.3. Осы Шарт бойынша және/немесе оған байланысты туындайтын Тараптар арасындағы барлық дауларды Тараптар келіссөздер жолымен шешеді.
Егер Тараптар өзара келісімге қол жеткізбесе, Шарт бойынша және оған байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге тиіс.

Басқарушы:

**«Фридом Финанс» АҚ
Басқарма Төрағасы
КЛИЕНТ:**

С. Н. Лукьянов

Атауы

Қол қоюшы

«GoodWill KZT» Аралық
Инвестициялық Пай Қорының
қағидаларына

3-қосымша

**«GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының
20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша
активтері мен міндеттемелерінің құны және құрамы, таза активтерінің құны**

«GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қоры

Баптың атауы	Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына
1	2	3
Активтер		
Қолма-қол ақша және ақша қаражатының баламалары		
Тазартылған бағалы металдар		
Банктердегі салымдар		
Бағалы қағаздар		
оның ішінде:		
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		
халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары		
шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары		
шет мемлекеттердің бағалы қағаздары		
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары		
басқа да бағалы қағаздар		
Депозитарлық қолхаттар		
Инвестициялық пай қорларының пайлары		
Акционерлік қоғам болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар		
«Кері РЕПО» операциялары бойынша талаптар		
Дебиторлық берешек		
Туынды қаржы құралдары		
Материалдық емес активтер		
Негізгі құралдар		
оның ішінде:		
жер учаскелері		
ғимараттар мен құрылыстар		
Басқа да негізгі құралдар		

Басқа активтер		
Активтердің жиыны		
Міндеттемелер		
Инвестициялық қордың бағалы қағаздарын сатып алу		
Төлеуге дивидендтер		
Алынған қарыздар		
Туынды қаржы құралдары		
Кредиторлық берешек		
«РЕПО» операциялары бойынша міндеттемелер		
Басқа міндеттемелер		
Міндеттемелердің жиыны		
Таза активтердің жиыны		

«GoodWill KZT» Аралық
Инвестициялық Пай Қорының
қағидаларына

4-қосымша

**«GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының
20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша
пай ұстаушылардың саны және пай кірістілігі**

«GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қоры

Пай ұстаушылардың саны және пай кірістілігі	Айналыстағы пайлардың (акциялардың) саны	Пайдың есептік құны (инвестициялық пай қоры үшін)		Пайдың кірістілігі (инвестициялық пай қоры үшін), соңғы он екі айдағы жылдық % - бен
		есепті кезеңнің басында	есепті кезеңнің соңына	
1	2	3	4	5

Акциялардың құны (акционерлік инвестициялық қор үшін)	Заңды тұлғалардың пайшыларының саны (инвестициялық пай қоры үшін)	Жеке тұлғалардың пайшыларының саны (инвестициялық пай қоры үшін)	Кастодиан банктің атауы	Ескертпе
6	7	8	9	10

«GoodWill KZT» Аралық
Инвестициялық
Пай Қорының қағидаларына

5-қосымша
жеке тұлғалар үшін

«Фридом Финанс» АҚ-тың басқаруындағы «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының пайларын сатып алуға № ____ өтінім Алматы қ. 20 ____ ж. « ____ » _____		
ИНВЕСТОР БОЙЫНША ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР	ЖЕКЕ АҚПАРАТ	
	Аты	
	Тегі	
	Әкесінің аты (бар болса)	
	Туған күні	
	Туған жері	
	Азаматтығы	
	Жынысы	
	Email	
	Байланыс телефонының нөмірі	
	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН, бар болса)	
ПАСПОРТТЫҚ ДЕРЕКТЕР		

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі	
Құжат нөмірі, құжат сериясы (бар болса)	
Жеке басын куәландыратын құжатты беру органы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні	
Жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі	
ТҰРАҚТЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ МЕКЕНЖАЙЫ	
Индексі	
Ел	
Облыс	
Елді мекеннің түрі	
Қала немесе елді мекен	
Көше/шағын аудан	
Үй	
Пәтер	
ТІРКЕЛГЕН МЕКЕНЖАЙЫ	
Индексі	
Ел	

	Облыс	
	Елді мекеннің түрі	
	Қала немесе елді мекен	
	Көше/шағын аудан	
	Үй	
	Пәтер	
ДЕРБЕС ДЕКЛАРАЦИЯ	Сіз, жұбайыңыз (зайыбыңыз) немесе жақын туыстарыңыз жария лауазымды адамдар ма(ЖЛА ¹)?	
	☐ Жоқ, мен де, менің отбасы мүшелерім де немесе жақындарым да ЖЛА емеспіз (болған емесіз)	
	☐ Мен ЖЛА-мын	
	Лауазымы	
	Жұмыс беруші ұйымының атауы	
	Әл-ауқат деңгейі және жылдық кіріс мөлшері	
	☐ Иә, менің отбасы мүшелерім немесе жақындарым ЖЛА-мыз (болдық)	
	ЖЛА аты-жөні	
	Туыстық дәрежесі	
	ЖЛА лауазымы	
	Жұмыс беруші ұйымының атауы	
	☐ Ия, мен ЖЛА болдым (қазіргі уақытта белсенді емес)	
	Лауазымы	

	Әл-ауқат деңгейі және жылдық кіріс мөлшері	
САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	Салық резиденттілігі	
	Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (көрсетілген елде)	
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОФИЛЬ	Қызмет саласы	☐ Банк ұйымы ☐ Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ☐ Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы ☐ Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы ☐ Мемлекеттік орган ☐ Ұлттық (Орталық) Банк ☐ Ұлттық Басқарушы холдинг ☐ Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі айырбастау пункттері арқылы ғана қызмет ☐ Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі ☐ Микроқаржы ұйымы ☐ Ломбард ☐ Кредиттік серіктестік ☐ Тұтынушылардан қолма-қол ақша қабылдауды, оның ішінде электрондық терминалдар арқылы жүзеге асыратын қызметтерді (қаржылық қызметтерді қоспағанда) жеткізушілердің агенттері (сенім білдірілгендер) ☐ Ойын бизнесін ұйымдастырушылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс онлайн-казино қызметтерін көрсететін не сол қызметтен кірістер алатын тұлғалар ☐ Туристік қызметтер ☐ Цифрлық активтерді шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау жөніндегі қызметтерді ұсыну жөніндегі қызмет ☐ Қаржы лизингі бойынша қызметтер ☐ Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату бойынша делдалдық қызмет ☐ Қызметі қару, жарылғыш заттарды өндірумен және (немесе) сатумен байланысты ☐ Қызметі бағалы металдарды, асыл тастарды не олардан жасалған бұйымдарды өндірумен және (немесе) өңдеумен, сондай-ақ сатып алумен-сатумен байланысты ☐ Құрылыс өнеркәсібі ☐ Тау-кен өнеркәсібі ☐ Фармацевтика/Денсаулық сақтау ☐ Зейнеткер ☐ Студент ☐ Жұмыссыз

	☐ Тізімге енгізілмеген басқа қызмет (көрсетіңіз) _____
Лауазымы	☐ Орта буын басшылары ☐ Дара кәсіпкер ☐ Өзін-өзі жұмыспен қамтыған ☐ Заңды тұлғаның құрылтайшысы (акционері) ☐ Атқарушы немесе жоғары басшылық ☐ Жоғары буын менеджменті ☐ Аға персонал ☐ Бастапқы деңгейдегі қызметкерлер
Компанияның атауы	
Қаражат көзі	☐ Жалақы ☐ Жинақтар ☐ Мұра ☐ Инвестициялар ☐ Кәсіпкерлік қызмет ☐ Басқалары (көрсетіңіз) _____
Әл-ауқат көзі	☐ Жылжымайтын мүлік ☐ Құндылықтар ☐ Басқа заңды тұлғаның капитал үлесі/акцияларының пайызы ☐ Басқалары (көрсетіңіз) _____
«Фридом Финанс» АҚ-пен іскерлік қатынастардың мақсаты мен сипаты қандай?	☐ Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызмет ☐ Басқаша (көрсетіңіз) _____
САНКЦИЯЛАР	Сіздің жақын туыстарыңыздың (жұбайыңыздың, ата-анаңыздың, кәмелетке толған балаларыңыздың) және (немесе) сіз бақылайтын заңды тұлғалардың арасында Америка Құрама Штаттарының (АҚШ), Еуропалық Одақтың (ЕО), Ұлыбританияның, Швейцарияның санкциялар тізіміне енгізілген адамдар бар ма? ☐ ИӘ ☐ ЖОҚ Егер ИӘ болса, осы байланыстардың сипаты туралы қосымша ақпарат беріңіз

	Сіз және (немесе) жақын туыстарыңыз (жұбайыңыз/жұбайыңыз, ата-анаңыз, кәмелетке толған балаларыңыз) және (немесе) сіз бақылайтын заңды тұлғалар технологиялар, қорғаныс және ресейлік экономиканың материалдық қамтамасыз ету, құрылыс, аэроғарыш немесе өңдеу салалары немесе экономиканың Ресей Федерациясының (РФ) әскери-өнеркәсіптік кешенін қолдаушы ретінде анықталуы мүмкін басқа да секторлары сияқты онымен байланысты салалардағы қызметті жүзеге асырасыз ба?	☐ ИӘ ☐ ЖОҚ Егер ИӘ болса, осы байланыстардың сипаты туралы қосымша ақпарат беріңіз
	Сіз және (немесе) жақын туыстарыңыз (жұбайыңыз, ата-анаңыз, кәмелетке толған балаларыңыз) және (немесе) сіз бақылайтын заңды тұлғалар АҚШ Президентінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі* 14024 Жарлығының (Executive Order) 11(A)(ii) бөліміне сәйкес АҚШ-тың экспорттық бақылауына жататын тауарларды, сондай-ақ ресейлік импорттаушыларға немесе осы тауарларды РФ-ға жеткізетін компанияларға тыйым салынған тауарларды (Еуропалық Парламент пен ЕО Кеңесінің 2021 жылғы 20 мамырдағы* 2021/821 регламентіне (ЕО) сәйкес ЕО-дан РФ-ға экспортталмайтын және және Ұлыбританияның 2019 жылғы 11 сәуірдегі №855* РФ туралы Регламентіне сәйкес тыйым салынған тауарлар (санкциялар)) сатуға, жеткізуге немесе беруге тікелей және/немесе жанама жәрдемдесуді жүзеге асырасыз ба? <i>* осы Өтінімді толтыру күніне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып</i>	☐ ИӘ ☐ ЖОҚ Егер ИӘ болса, осы байланыстардың сипаты туралы қосымша ақпарат беріңіз
ӨТІНІМ, ПАЙДЫ ЖӘНЕ ПАЙ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР САТЫП АЛУ ПАРАМЕТРЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	Бірнеше реттік	☐ Бірнеше рет ☐ Бір рет
	Пайдың ISIN	KZPF00000090

	Пайларды сатып алу сомасы (пайларды бір рет сатып алған кезде толтырылады)	
	Дивидендтер төленеді:	☐ Банк деректемелері бойынша ☐ Қайта инвестициялау жағдайында «GoodWill KZT» АИП-Қтың шотына
БЕНЕФИЦИАРЛЫҚ МЕНШІК ИЕСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (БАР БОЛСА)	Сізде бенефициарлық меншік иесі бар ма*? * клиентті бақылауды жүзеге асыратын жеке адам (тұлға) және (немесе) оның мүддесі үшін клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайды	☐ ИӘ ☐ ЖОҚ Егер ИӘ болса, толтырыңыз:
	Бенефициарлық меншік иесінің клиентті бақылауды жүзеге асыру тәртібі	☐ Мүддесінде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасалатын адам ☐ Клиентті бақылауды жүзеге асыру
	Аты-жөні	
	Туған күні	
	Азаматтығы	
	Салық резиденттілігі	
	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)/Тіркеу еліндегі сәйкестендіру нөмірі	
	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, қашан және кім бергені, құжаттың қолданылу мерзімі	

	Тұрғылықты жерінің мекенжайы (орналасқан жері)	
	Бенефициарлық меншік иесі немесе оның жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары жария лауазымды тұлғалар (ЖЛА/РЕР) болып табыла ма?	☐ Мен ЖЛА-мын ☐ Иә, менің отбасы мүшелерім немесе менің жақындарым ЖЛА-мыз (болдық) ☐ Ия, мен ЖЛА болдым (қазіргі уақытта белсенді емес) ☐ Жоқ, мен де, менің отбасы мүшелерім де немесе жақындарым да ЖЛА емеспіз
	Өзге ақпарат (бар болса)	
КЛИЕНТТІҢ ӨКІЛІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (БАР БОЛСА)	Сіздің өкіліңіз бар ма?	☐ ИӘ ☐ ЖОҚ Егер ИӘ болса, толтырыңыз:
	Құжаттың (сенімхаттың, шарттың, қорғаншы (қамқоршы) куәлігінің, өзге де құжаттың) нөмірі, берілген (қол қойылған) күні, қолданылу мерзімі (бар болса)	
	Аты-жөні	
	Туған күні	
	Азаматтығы	
	Салық резиденттілігі	
	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)/Тіркеу еліндегі сәйкестендіру нөмірі	
	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, қашан және кім берді	

Тұрғылықты жерінің мекенжайы (орналасқан жері)	
Өкіл немесе оның жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары жария лауазымды тұлғалар (ЖЛА/РЕР) болып табыла ма?	☐ Мен ЖЛА-мын ☐ Иә, менің отбасы мүшелерім немесе менің жақындарым ЖЛА-мыз (болдық) ☐ Ия, мен ЖЛА болдым (қазіргі уақытта белсенді емес) ☐ Жоқ, мен де, менің отбасы мүшелерім де немесе жақындарым да ЖЛА емеспіз
Өзге ақпарат (бар болса)	

ПАЙЛАРДЫ САТЫП АЛУҒА ҚАРАЖАТ АУДАРУҒА АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

Инвестор ақшаны «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» акционерлік қоғамында шот ашқаннан кейін ғана аударады

Алушы: «GoodWill KZT» АИПҚ мүддесінде «Фридом Финанс» АҚ

Алушының банкі _____

ЖСК _____

БСК _____

БСН _____

БЕК _____

ТМК _____

Төлем мақсаты: «GoodWill KZT» АИПҚ пайларын сатып алуға Пайларды сатып алуға арналған өтінімге сәйкес инвестордың аты-жөні _____»

ИНВЕСТИТОРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛЫ

Инвестор «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының мынадай Қағидаларын (бұдан әрі – Қордың Қағидалары) және мынадай талаптарды қабылдағанын растайды:

- Басқарушы компанияның осы Өтінімді қарауға қабылдауы Басқарушы компанияда пайларды инвесторға сату бойынша міндеттеме туындағанын білдірмейді. Басқарушы компания пайларды сатудан бас тартқан жағдайда, Басқарушы компания Инвесторды бас тарту себептері туралы хабардар етпеуге құқылы;
- Инвестор «Фридом Финанс» АҚ-тың басқаруындағы Қор Қағидаларының талаптарын оқып, түсініп, қабылдайды және олармен келіседі;
- Инвестор Қордың жоғарыда көрсетілген Қағидаларының талаптарымен танысты (<http://almaty-ffin.kz> интернет-ресурсінде жарияланған), оларға қосылады, олармен келіседі, оларды толық көлемде қабылдайды және оларды орындауға міндеттенеді;
- Инвестор осы өтінімді ресімдеу кезінде оларға берілген және кейіннен оларға берілетін мәліметтердің дәйектілігі мен толықтығына сендіреді және кепілдік береді;

- Инвестор барлық тәуекелдерді саналы түрде қабылдайтынын және бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық қызметке байланысты тәуекелдер үшін, оның ішінде салымдардың негізгі сомасынан асып кетуі мүмкін елеулі шығындарға ұшырау тәуекелі үшін жауапкершіліктің толықтығын жеке өзіне қабылдайтынын растайды;
- Осы өтінімге қол қою арқылы Инвестор қандай да бір адамдардың, оның ішінде жұбайының/зайыбының (бар болса) пайларды сатып алуға келіспейтіндігін растайды.

Осы өтінімді толтыру арқылы жоғарыда баяндалған ақпараттың дәйектілігін, дәлдігін және дұрыстығын растаймын, осыны растау үшін өз қолымды қоямын:

Инвестордың аты-жөні

Заңды мекенжайы (тіркеу мекенжайы)

БСН

БСК

ЖСК

Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, қашан және кім берді

ЖСН

(қолы)

(клиент аты-жөнін өз қолымен толтырады)

20 ____ ж. « ____ » ____

КЕЛЕСІ АҚПАРАТТЫ СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН ӨКІЛ НЕМЕСЕ «ФРИДОМ ФИНАНС» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ ТОЛТЫРАДЫ

Осы Өтінімге Инвестор менің қатысуымда өз қолымен қол қойды, пайларды сатып алуға арналған құжаттарды мен өзім қабылдадым **(құжаттарды сенім білдірілген өкілге немесе қызметкерге жеке берген жағдайда)**

Өтінім қабылдаған күні	
Сенім білдірілген тұлғаның немесе Өтінімді қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты	
Сенім білдірілген тұлғаның немесе Өтінімді қабылдаған қызметкердің қолы	

Ескертпе¹:

Жария лауазымды адам (ЖЛА):

жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам; лауазымды адам;

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адам;

мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқару функцияларын орындайтын адам;

шет мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік, сот органдарында немесе қарулы күштерінде қандай да бір лауазымды атқаратын, тағайындалатын немесе сайланатын адам;

шет мемлекет үшін қандай да бір қоғамдық функцияны орындайтын адам;

халықаралық шарттар мәртебесіне ие келісімдер негізінде елдер құрған ұйымдарда басшылық лауазымды атқаратын адам.

ЖЛА-ның жақын туыстары - ата-аналар (ата-аналар), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері.

«GoodWill KZT» Аралық
Инвестициялық
Пай Қорының қағидаларына

6-қосымша

заңды тұлғалар үшін

Алматы қ.	«Фридом Финанс» АҚ-тың басқаруындағы «GoodWill KZT» Аралық Инвестициялық Пай Қорының пайларын сатып алуға № ____ өтінім 20__ ж. «__» _____	
ӨТІНІШ БЕРУШІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР	Толық атауы	
	Сауда немесе қысқартылған атау (бар болса)	
	Ұйымдық-құқықтық нысаны	☐ Акционерлік қоғам ☐ Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ☐ Қоғамдық бірлестік ☐ Қоры ☐ Қауымдастық (одақ) нысанындағы дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі ☐ Тұтыну кооперативі ☐ Діни бірлестік ☐ Мекеме ☐ Өндірістік кооператив ☐ Толық серіктестік ☐ Сенім серіктестігі ☐ Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік ☐ Ауыл шаруашылығы серіктестіктері ☐ Мемлекеттік мекеме ☐ Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ☐ Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын (қазыналық) ☐ Коммерциялық ұйымның өзге де ұйымдық-құқықтық нысандары ☐ Коммерциялық емес ұйымның өзге де ұйымдық-құқықтық нысандары
	Байланыс телефонының нөмірі	
	Email мекенжайы (бар болса)	
	Тіркелген елі	
	Тіркелген күні	

Тіркеуді растайтын құжаттың түрі, оның берілген күні, нөмірі (бар болса)	
Тіркеуші органның атауы	
Тіркеуді растайтын құжатқа сәйкес орналасқан жерінің мекенжайы (ел, пошта индексі, елді мекен, көше/аудан, ғимарат нөмірі) (заңды мекенжайы)	
Атқарушы органның нақты орналасқан жерінің мекенжайы (ел, пошта индексі, елді мекен, көше/аудан, ғимарат нөмірі)	
Лицензияның нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі, лицензия берген органның атауы (егер жүзеге асырылатын қызмет түрі лицензияланатын болса)	
Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН, бар болса)	
Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің коды (ЭҚЖЖ) (бар болса)	
Жүзеге асырылатын қызмет түрі	☐ Банк ұйымы ☐ Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ☐ Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы ☐ Мемлекеттік орган ☐ Ұлттық (Орталық) Банк ☐ Ұлттық Басқарушы холдинг ☐ Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы ☐ Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі айырбастау пункттері арқылы ғана қызмет ☐ Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі ☐ Микроқаржы ұйымы ☐ Ломбард ☐ Кредиттік серіктестік

